БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 235 (9553) ‖ 1954 жылғы 27 ноябрь Сенбі ‖ Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын.

**БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:**

ТРАКТОРЛАР МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАШИНАЛАРЫН ЖӨНДЕУДІҢ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫРЫЛСЫН: **С. Батырбеков.** — Жөндеу жұмысына басшылық нашар жерде. **Б. Баяхметов.** — Тоқсандық жоспарды орындағандар (1-бет).

ХАЛЫҚ СОТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ӘЗІРЛІК: № 11 сайлау округінде **С. Алексеев.** —Халық сеніміне ие болғандар (1-бет).

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМДІ ӨЗДІГІНЕН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК: **Е. Ларькина.** — Лениндік кооперативтік жоспар (2-бет).

**И. Ризаматов.** —Ісі сөзіне сай (2-бет).

**Қ. Шайхислямов.** —Өнім мол және сапалы шығарылуда (2-бет).

**Б. Жақыпов.** —Булаев станциясына жете назар аударылсын (2-бет).

**К. Есімов.** —Еңбек ұйымдастыру ісіне басшылық жақсартылсын (3-бет).

**Х. Рахметов.** —Кемшіліктерді батыл сынады (3-бет).

**В. Выдрин.** —Мал қыстатуды үлгілі өткіземіз (3-бет).

**Н. Омаров.** —Озат студент (3-бет).

ДӘРІГЕРЛІК КЕҢЕС: **А. Ропопорт.** —Темекі және оның адам организміне зияны (3-бет).

**Кино: Т. Кәкімов.** —«Дұшпанның ізімен» (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Қой шаруашылығын өркендете берейік

Қой шаруашылығы —мал шаруашылығындағы табысты саланың бірі. Демек бұл шаруашылық елімізде азық- түлік молшылығын жасау күресіне келелі үлес қосатын болса, жеңіл өнеркәсібімізді шикізатпен жабдықтауда да айтарлықтай роль атқарады. Сондықтан партия мен үкметіміз мал шаруашылығының басқа салаларымен қатар қой шаруашылығын да онан әрі мықтап өркендете беру мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді жүзеге асыра отырып, мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жетуде. Олар қойдың санын көбейтумен қатар, оның өнімділігін арттыруда бірқатар көрнекті жұмыстар істеді.

Булаев ауданындағы «Красное знамя» колхозының қой фермасында (меңгерушісі Ефименко жолдас) қой саны өткен жылғы осы мерзімдегіден 16,8 процент өсті. Ал қырқылған жүн 27 центнер артық болды. Колхоз биыл мемлекетке жүн тапсырудан 180 мың сом, басқа колхоздарға 156 асыл тұқымды қошқар сатып одан 40 мың сом пайда тапты. Оның үстіне басы артық қойды мемлекеттік сатып алу орындарына ет есебіне сатудан 80 мың сомға жуық кіріс түсірді.

Қой шаруашылығында осындай жақсы көрсеткішке ие болғандардың бірі—Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозы. Бұл колхоздың қойлары етті, жүнді көп беретін асыл тұқымды, түгелдей биязы және жартылай биязы жүнді қойлар. Мұнда қой шаруашылығынан түскен табыс жыл басынан бері колхоздың барлық шаруашылығынан түскен табыстың 25 проценті болып отыр. Кәзір колхозда қой шаруашылығынан түсетін табысты бұдан да жоғары дәрежеде көбейте беру мақсатымен қойды бағып- күту ойдағыдай жүргізілуде.

Тек осы фактілердің өзі ғана облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарында қой шаруашылығын жан- жақты өркендетуге болатындығын дәлелдейді. Бірақ жергілікті партия, совет ұйымдары мен шаруашылық орындар қой шаруашылығында жақсы көрсеткіштерге ие болған осылардай шаруашылықтардың және жекелеген қой өсірушілердің іс тәжрибелерін әлі де тиісті дәрежеде насихаттай алмай...

Қой шаруашылығын өркендетуде қойдың тұқымын асылдандырудың зор маңызы бар іс екендігі мәлім. Дегенмен бұған кейбір шаруашылықтардың басшылары, мамандары тіпті көңіл бөлмей келеді. Мысалға Торанғұл, Сартомар МТС-терін алайық. Бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда биязы және жартылай биязы жүнді қойлар өте аз. Солай бола тұрса да, аталған МТС- тердің басшылары, әсересе мал шаруашылығының мамандары зоотехник Қасымов, мал дәрігері Қапаров жолдастар қой тұқымын асылдандыруда өздерінің басқарушылық, ұйымдастырушылық рольдерін атқармай жүр. Бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда алдағы жылға да қой тұқымын асылдандыруға бағытталған ешқандай жұмыс жүргізіліп отырылған жоқ.

Біздің облыстың жағдайында алтай, ставрополь, совет мериностары деп аталатын қой тұқымдарын өсіру қолайлы. Бұл тұқымдар біріншi жағынан еті, жүні мол болса, екінші жағынан қыстың суығына төзімді келеді. Сондықтан облыстың колхоздары мен совхоздары осы аталған тұқымды қойларды көптеп өсіру үшін қолда бар мүмкіншіліктердің барлығын пайдалана білулері керек. Қой шаруашылығын өркендетудегі міндет қойдың санын көбейтумен қатар оның тұқымын асылдандырғанда ғана шешіледі.

Кәзір облысымызда қар түсіп, күн суый бастады. Атап айтқанда, мал қыстатудың жауапты кезеңі басталды. Бұл кезең әрбір колхоздың, МТС-тің, совхоздың басшыларынан, әрбір мал өсірушілерден өз ісіне мейлінше ұқыпты қарауды, малдың қыстан шығын болмай, аман әрі қоңды шығуын қамтамасыз етуді талап етеді. Олай болса, қой өсірушілер де өз жұмысына ұқыпты болуға тиіс. Жылқы, сиыр малдары сияқты емес, қой күтудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қойды қыс күндері күніне кемінде үш- төрт, немесе төрт-бес рет азықтандырған жөн. Азықтандыру кезінде қойдың қорада емес, шаппада болуы керек. Мұндай жағдайда қой ашық ауада, таза, жарық жерде тұрып тойғанынша азықтанады. Ал, қорада, қараңғы жерде тұрған қой азықты ысырап етеді, тойғанынша азықтана алмайды. Мұның ақыры қойдың жүдеуіне іш тастауына әкеліп соғады. Сондықтан қой өсірушілер қойды бағып- күту ісіне жауаптылықпен караулары керек.

## Тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеудің қарқыны арттырылсын

☆

### ТОҚСАНДЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАҒАНДАР

Быйыл Асанов МТС-і (Петропавл ауданы) механизаторлары тракторлардың жылдық жұмыс жоспарын ойдағыдай атқарып шықты. Бірсыпыра колхоздарда пар және зябь жырту жоспарлары артығымен орындалды. Бұл жұмыстар негізінен тың және тыңайған жерлер есебінен жүргізіліп, пар мен зябьке қажетті өңдеулер жасалды. Сөйтіп МТС қамтуындағы колхоздардың көктемгі егісті түгелдей күнілгері даярланған жерде жүргізулеріне жағдай туып отыр. Мұның өзі алдағы көктемде егіс жұмысының көпшілігі диске, тырма, культиватор сияқты ауылшаруашылық машиналарымен орындалады деген сөз. Осыған байланысты үстіміздегі жылы ауылшаруашылық машиналарының дер кезінде жөнделуін қамтамасыз ету жолында МТС механизаторларының жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсуде.

Бұл жаңа талапты жете түсінген МТС механизаторлары ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде асқан қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Жұмыстың өнімді болуы және жөндеу сапасының жақсы болуы үшін жөндеушілер ауылшаруашылық машиналарының түр-түріне қарай звеноға бөлінді. Кәзір бұл звенолар өзара социалистік жарысқа ұштаса отырып, еңбек қарқынын арттыра түсуде.

Комбайншы Бем және Афанасьев жолдастар басқаратын сеялка жөндеушілер звеносы жоспарлы 34 сеялканың орнына 35 сеялка жөндеп, төртінші тоқсандық тапсырманы асыра орындады.

Бұлардан Штефан жолдас басқаратын культиватор жөндеушілер звеносы да қалыспай келеді. Олар төртінші тоқсанда 19 культиватор жөндеуге тиіс еді, кәзір мұнда 20 культиватор жөнделді. Сөйтіп бұл жөніндегі жоспар 20 ноябрьдің өзінде артығымен орындалып отыр.

Ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде тың және тыңайған жерлерді игеруге келген москвалық Тимофеев, Виноградов жолдастар күнделік нормаларын үнемі біржарым еседен асыра орындауда. Машиналар жөндеу жұмысында МТС усталары Багайчук, Бржец жолдастар токарь Буч, Филиппсин жолдастар күн-...

☆

### Жөндеу жұмысына басшылық нашар жерде

Торанғұл МТС-інде үстіміздегі жылдың төртінші тоқсанында 41 трактор, 12 комбайн, 41 плуг, 24 культиватор, көптеген сеялкалар, лущильниктер, тағы басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспарланған-ды. Бұл үстірт жасалған емес, МТС-тің барлық мүмкіншіліктерін есепке ала отырып жасалған жоспар болатын. Егер МТС басшылары қолда бар күш-мүмкіншіліктерді машина -трактор паркін жөндеуге пайдалануды дұрыс ұйымдастырса, бұл міндет ойдағыдай орындалған болар еді. Бірақ істің жайы олай болмай отыр.

Алдымен МТС басшылары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге әзірлік жұмыстарын төзгісіз ұзаққа созды. Мастерскойда жөндеу жұмыстары тек октябрь айы ішінде қолға алынды. Соның өзінде жөндеу цехтарының, тораптардың жұмыс орындарының көпшілігі дайын болмады. Жөндеу жұмысы басталғаннан бері жөндеуші- механизаторлар жұмысты салқын, лас, әрі тар орындарда істеуге мәжбүр болып келеді. Тіпті жұмыс орындарындағы пештер жөнделмеген. Оларды жағып, жылытып отыруға отын дайындалмаған. Жұмыс орындарында жөнделетін детальдарды, қосалқы бөлшектерді қоятын арнаулы орындар жоқ.

Машина-трактор паркін жөндеуге бөгет болып отырған тағы бір жағдай механизаторлардың бұл жұмысқа толық қатыстырылмауы болып отыр. МТС-те 131 тракторшы бар. Жөндеу жұмысы басталғаннан бері күн сайын жұмысқа олардың тек 30-ы ғана қатысып жүр. Ал кейбір күндері жұмысқа қатысатын тракторшылардың саны бұдан да аз болады. Ол-ол ма, 30 трактор бригадаларының бригадирлері мен олардың көмекшілерінен жөндеу жұмысына бірде-бір адам қатыспайды.

Бұдан МТС механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарың жөндеуге қатысқысы келмейді деген ұғым тумайды. Олар жөндеу жұмысына толық қатысуға және бұл істі әрі тез, әрі са-...

...лер тұрақтандырылмаған. Керек десе МТС басшылары қай торапта кімдер жұмыс істейтінін де жете білмейді. Еңбек ұйымдастыру жұмысы бетімен жіберілген. Жұмысқа шығу және жұмысты аяқтау тәртіпке қойылмаған.

Жөндеуші-механизаторлардың өзара социалистік жарысы тек формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Жарыста алған міндеттемелердің орындалу барысы тексерілмейді. МТС партия ұйымының секретары Садықов жолдас «механизаторлардың арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуге үш үгітші бөлінді» дейді. Ал, олардың не істеп жүргенін Садықов жолдастың өз де білмейді.

Бір сөзбен айтқанда МТС басшылары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын ұйымдастыруды иесіздікке ұшыратып отыр. Сондықтан да МТС-тің осы уақытқа дейін небәры 3 трактор, 8 комбайн, 8 культиватор, 5 плуг қана жөндеуі, жөндеу жұмыстарының бескүндік графиктері үнемі орындалмауы кездейсоқ емес. Тіпті 10 ноябрьден 20 ноябрьге дейін мастерскойда бірде-бір трактордың, не комбайнның жөнделмеуі МТС басшыларын қынжылтпауы таңқаларлық жағдай.

МТС қамтуындағы колхоздарда дала жұмыстары аяқталғалы едәуір уақыт өтті. Осыған қарамастан Петров, Бабкин жолдастар колхоз далаларындағы ауылшаруашылық машиналарын МТС орталығына әкелуді ұйымдастырмаған. Сондықтан 24 плуг, 10 культиваторлар, 4 сеялка, 3 тіркемелі шөп машиналары, тағы басқа көптеген құрал-саймандар колхоз далаларында шашылып жатыр.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды жөндеу және сақтау ісіндегі мұндай кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. МТС басшылары бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығара отырып, машина-трактор паркін жөндеу жұмысын ұйымдастыруды негізінен жақсартулары керек. Жөндеу жұмысына тораптық әдісті кеңінен қолдану, механизатор-...

*Халық соттарының сайлауына әзірлік*

## № 11 сайлау округінде

Преснов ауданы еңбекшілерінің сайлау алдындағы округтік жыйналысы болды. Жыйналысқа колхоздардың, МТС-тің егіншілері, мал өсірушілері, механизаторлар қатынасты. Кәсіподақ ұйымының председателі Скибский жолдас жыйналғандарды аудан еңбекшілерінің халық судьялығына және халық заседательдігіне ұсынылған кандидаттар құрамымен таныстырып өтті.

№ 11 Преснов сайлау округіне халық судьялығына кандидат болып Микола Иванович Онищенко жолдас ұсынылған. Онищенко жолдас 1950 жылдан бері Мамлют ауданы № 2 участокте халық судьясы қызметін атқарып келеді. 1954 жылы ол Алматының мемлекеттік заң институтын сырттан оқып бітірді.

Жыйналысқа қатысушылар ауыл шаруашылығының озаттарынан ұсынылған 75 адамды халық заседательдігіне кандидат етіп тіркеуді сұрады. Халық судьялығы мен халық заседательдігіне ұсынылған кандидаттар жайында Сталин атындағы колхоздың колхозшысы Шерстобитов, «Прибой» колхозының колхозшылары Бабенко, Костин жолдастар сөз сөйледі.

Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің қызметкері Терещенко жолдас сайлау пункттеріне өкіл болып бекітілген адамдардың құрамымен және олардың негізгі атқаратын міндеттерімен таныстырды. Жыйналысқа қатысушы сайлаушылар 12 декабрь күні сайлауды өндірістік табыстарымен қарсы алуға, ауыл шаруашылығының қысқы маусым жұмыстарын ойдағыдай орындап шығу үшін көтеріңкі міндеттемелер алды. Жыйналыс округ сайлаушыларына арналған үндеу қабылдады.

**С. ҚАНАФИН.**

### Халық сеніміне ие болғандар

Жақында Чистян МТС-нің (Конюхов ауданы) жұмысшыларының және инженер- техник қызметкерлерінің халық соттарына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналысы болып өтті. Жыйналыста бірінші болып сөз алған МТС партия ұйымының секретары Петрищев жолдас совет сотының шын мәніндегі халық соты екендігін айта келіп, Совет Конституциясы...

...не айналдыра алмай келеді. Осы кемшіліктердің салдарынан облыстың колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда қой шаруашылығын өркендетудің барысы канағаттанарлықтай болмай отыр.

Мал —төлден өседі. Сондықтан қой шағылыстыру және қозы алу маусымдарына тыңғылықты әзірленіп, оны үлгілі өткізудің зор маңызы бар. Мұны жете түсінген Булаев, Конюхов аудандарының көптеген колхоздары жыл сайын қой шағылыстыру және қозы алу науқандарына жақсы әзірленіп, оны ойдағыдай аяқтап келеді. Осының нәтижесінде аталған екі ауданда да қойдың саны көбейіп, одан алынатын өнім арта түсуде. Бірақ қой шағылыстыру, қозы алу жұмыстарына жете мән бермейтін фактілер де кездесіп жүр. Мұндай фактілер көбінесе Ленин, Октябрь, Приешім, Соколов, Совет аудандарында орын алған.

Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхозда қозы алуға әзірлік өте нашар. Мұнда жас қозы тұратын жылы, жарық, жайлы қоралар жоқ. Осы себептен колхоз басқармасы қолдан ұрықтандырылатын 600 саулықты октябрь айының аяғына дейін ұрықтандырмай келген. Өйткені, олар қой ерте қоздаса орын болмайды, қой көктемде қоздаса қозы жылытылмаған қорада да тұра береді, деп есептеген. Ал мұның өзі колхоз үшін тиімді емес, бұл жағдайда бірсыпыра саулықтың қысыр қалуы да мүмкін. Оның үстіне көктемде туған қозы көктемнің суық желіне, қолайсыз ауа райына шыдай бермейді. Кеш туған қозы тез өсіп жетілмейді, ал бұл колхоздың быйылғы туатын қозыдан жүн алуына да нұқсан келтіреді. Міне осы кемшіліктерді аталған колхозды қамтыйтын Ильич атындағы МТС-тің директоры Букатин, бас зоотехнигі Чернышев жолдастар біледі. Алайда олар ол кемшіліктерді жою жөнінде әлі күнге ешқандай шара қолданғаны жоқ.

...мал азығының тапшы екендігін жасыруға болмайды. Мұның өзі мал азығын қазірден бастап үнемдеп жұмсауды, оны түріне, құнарына қарай қыс айларының қай мезгілінде малға беруді жоспарлап жұмсауды керек етеді. Қой өсірушілер мал азығын жұмсаудың бұл жағына да ерекше көңіл бөлулері керек.

Декабрь айының екінші жартысынан бастап облыстың колхоздары мен совхоздарында қозы алу науқаны басталғалы отыр. Сондықтан әрбір колхоз бен совхоз бұл науқанға алдын- ала әзірленулер қажет. Қозы алу науқаны басталғанға дейін қой қоздататын, қозы қоятын орындардың барлығы да толық жабдықталуы керек. Сонымен қатар, қоздаған қойға және қозыға берілетін азық жеткілікті мөлшерде дайындалып, оларды фермалардың жанына тасып алу ісін аяқтау ферма меңгерушілерінің басты міндеттерінен саналады.

Быйылғы қой шағылыстыру науқанының өтуіне қарағанда облыс колхоздары мен совхоздарының жартысына жуығында қой декабрь, январь айларында қоздай бастайды, ал көпшілік колхоздарда февраль, март айларында қоздайды. Міне сондықтан да қозы алу науқанына жақсы әзірлене отырып, барлық фермаларды қой бағуда, қозы алуда, оны күтуде тәжрибесі бар адамдармен толықтыру және оларды тұрақтандыру қажет. Фермаларды қолынан іс келетін адамдармен, мамандармен толықтырмайынша қой шаруашылығында табысқа жету мүмкін емес.

Жергілікті партия, совет ұйымдары мен шаруашылық орындардың басшылары қой шаруашылығында орын алып отырған елеулі кемшіліктерді іс үстінде тез жоя отырып, бұл шаруашылықты онан әрі өркендете беру үшін партия мен үкіметіміздің алға қойған міндеттерін әрбір қой өсірушіге жете түсіндіру арқылы қойдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беруге жетісулері керек.

## Заволжьенің суландыру құрылыстарында

КУЙБЫШЕВ, 24 ноябрь. (СОТА). Алғашқы суық Заволжье даласының жер қыртысын қазірдің өзінде аздап қатырды, бірақ Талов суландыру жүйесінің құрылысында жер жұмыстары әлі де жүргізілуде. Тұрақты суландыру жүйесін қазу аяқталып келеді. 30 километрден астам магистральдық және су бөлгіш каналдар қалынды.

Бұл суландыру жүйесінің бас торабында кең су қоймасы құрылды, оған қазірдің өзінде 4 миллион текшеметр су жыйналды. Заволжьенің тағы да екі—Чернов және Крутинск суландыру құрылыстарында негізгі жұмыстар аяқталып келеді.

Келесі жылы Талов, Чернов және Крутинск суландыру жүйелері қатарға қосылады.

## Колхоздардың председательдері мен МТС мамандары—аспиранттар

Бүкілодақтық малшаруашылық ғылми-зерттеу институтының аспирантурасына ауыл шаруашылығының қызметкерлерін кезектегі қабылдау аяқталды. Мұнда барлығы 137 адам оқыйды, олардың көпшілігі сырттан оқушылар.

Москва облысы, Ленин ауданындағы Молотов атындағы МТС-тің зоотехнигі В. Бойко аспирантурада сырттан оқыйды. Ол «МТС-тің құнарлы мал азығын өндіру және оларды малды азықтандыруға әзірлеу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру» деген дисертациясы үшін «Серп және молот» колхозында өзі жүргізген көптеген тәжрибелері мен байқағандарын пайдаланды.

Аспирантурада сырттан оқушылардың ішінде Ставрополь өлкесінің, Киров, Кострома, Тула, Смоленск және басқа облыстардың колхоз председательдері мен ауыл шаруашылығының мамандары бар.

(СОТА).

...тен орындауға жетісті.

Осылайша жалпыға бірдей еңбек өнімділігінің артуы МТС-тің ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің төртінші тоқсандық жоспарын асыра орындап шығуын қамтамасыз етті. Қазір ауылшаруашылық машиналарын жөндеуші механизаторлар түгелдей 1955 жылдың бірінші тоқсаны есебіне жұмыс істеуде.

Б. БАЯХМЕТОВ.

...өзінің қолдауын таппай отыр. МТС директоры Петров, бас инженері Бабкин жолдастар тракторшылар мен трактор бригадаларының бригадирлерін жөндеу жұмысына толық қатыстыруды ұйымдастырмады. Оларды күнделікті жұмыспен қамтамасыз етпейді. Тіпті жөндеу ісіне қатысып жүрген механизаторлардың біразы тапсырма берілуін күтіп, уақыттың көбін босқа өткізіп жүр. Тракторшылар үшін жатақхана жоқ. Тораптардағы жөндеушілерге күнделік тапсырмалар беру және оның орындалуын талап ету жұмыстарын жақсарту қажет. Жөндеуші-механизаторларды мәдени-тұрмыстық жағынан қамтуды дұрыс ұйымдастырып, олардың еңбекке белсене қатысуына жағдай жасау керек. Колхоз өндірісіне техника қуатын тиімді пайдалану ісі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді ойдағыдай өткізуге байланысты екенін ұмытуға болмайды.

С. БАТЫРБЕКОВ.

## МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Возвышен совхозының механизаторлары халық соттары мен халық заседательдері сайлауы күнін өндірістік табыстармен қарсы алу үшін ұлғайтылған міндеттемелер алып, 12 декабрьге дейін 36 тракторды жөндеуден өткізуге және ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің тоқсандық жоспарын артығымен орындап шығуды ұйғарды.

Совхозда трактор жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша жүргізіледі. Қазір мұнда 18 торап бар. Сайлау күні қарсаңында әр цех, әр торап жұмысшылары алған міндеттемелерін толық және асыра орындау үшін күресуде.

Торап пен цех арасында да социалистік жарыс қыза түсуде. Олардың күнделік жұмыс қорытындыларын баяндайтын көрсеткіш тақталарға күн сайын жұмыстан соң механизаторлардың келіп, қарап тұрғанын жиі көруге болады. Тораптар бойынша жарыста жеті адамнан құрылған мотор жөндеушілер алда келеді. Олар он моторды бөлшектеп, оны жөндеп құрастырды. Торапта жөндеуші механизаторлар Гипп, В. Приец жолдастар сменалық нормаларын үнемі 150 процент орындауда.

«С—80» тракторының оталғыш моторларын жөндеу —өз алдына бір торапта жүргізіледі. Бұл торапта А. Гомершмидт, А. Кенит жолдастар сменалық нормаларын 140—160 проценттен орындап, тораптың үздік көрсеткішке ие болуды қамтамасыз етті.

Жөндеу мастерскойының ұстасы А. Маслов, оның көмекшісі А. Быков тапсырмаларын орта есеппен 220—240 проценттен орындап жүр.

Өзара социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін арттыра түскен совхоз механизаторлары қазірдің өзінде 20 тракторды жөндеуден өткізді.

Совхоз механизаторлары комбайн, ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу ісін де қарқынды жүргізуде. Қазір мұнда комбайн жөндеудің тоқсандық жоспары артығымен орындалды. Барлық бөлімшелер бойынша 75 сеялка, 30 культиватор, 7 плуг, 11 тіркеуіш, 5 лущильник жөнделді.

Ж. ИСЛАМОВ.



Петропавлда Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша жер өңдеу және егіс егу системасын енгізу жөнінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесі жүріп жатыр.

СУРЕТТЕ: ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесіне қатысушылардың бір тобы. (солдан оңға қарай) бірінші қатардағылар: Образцовая МТС-інң механизаторы **И. Попов**, Сибирьдің Ғылми- зерттеу институты астық шаруашылығы лабораториясының меңгерушісі **И. Петров**, ҚКП Преснов аудандық комитетінің секретары **Н. Болатбаев**, Преснов ауданындағы «Баян» колхозының председателі **С. Тұралин**. Екінші қатардағылар: Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхоздың агрономы **М. Мәлгаждаров**, Полудень ауданындағы «Победа» колхозының агрономы **А. Мелентьева**, Сартомар МТС- нің директоры **Н. Макаров**, Преснов МТС-нің механизаторы **Н. Заам** және Преснов ауданындағы «Прибой» колхозының агрономы **Ж. Құдабаев** жолдастар.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

...берген өз праволарын пайдалана отырып, еңбекшілердің халық соттарына өз өкілдерін сайлаулары керек екендігін айтты. Содан кейін ол халық судьялығына кандидат етіп Иван Михайлович Спиридонов жолдасты ұсынды. Петрищев жолдастың ұсынысын Ковалев, Сергеев және басқалары қызу қолдады. Сол сыяқты, жыйналыс халық заседательдігіне кандидат етіп МТС-тің аға мал дәрігері А. Пузынина және таңдаулы комбайншы М. Евсеев жолдастарды ұсынды.

Халық заседательдігіне кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыс осы ауданның «Красная крепость» колхозының үшінші дала бригадасында да болып өтті. Жыйналыста Моховск жетіжылдық мектебінің директоры Левкин жолдас сөз сөйлеп, халық заседательдігіне кандидат етіп қой фермасының меңгерушісі Илья Антонович Ашанин және алдыңғы қатарлы колхозшы Мария Ивановна Бондаренко жолдастарды ұсынды.

—Ашанин және Бондаренко жолдастар, —деді ол, —бұл жоғары сенімді ақтайтын адамдар. Олар совет заңын қорғауда халық соттарына көп көмек көрсете алады.

Бұдан кейін сөйлеген колхозшылар да Левкин жолдастың ұсынысын бірауыздан қуаттады. Мұндай жыйналыстар ауданның басқа колхоздарында да өтті.

С. АЛЕКСЕЕВ.

## Үгітшілер сайлау алдында

Совет МТС-нің бастауыш партия ұйымы сайлау науқанын ойдағыдай өткізу мақсатымен халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жандандыра түсті. Жуырда партия бюросының мәжлісі 18 адамды үгітші етіп тағайындады.

Үгітшілерге арналып екі рет семинар өткізілді. Партия ұйымының секретары Павленко жолдас оларды «Халық соттарының сайлауы туралы Ережесімен», ССРО Конституциясының «Сот және прокуратура» деген бөлімімен және СОКП Орталық Комитетінің «Халық арасында ғылми-атеистік насихат жүргізудегі қателіктер туралы» деген қаулысымен таныстырып өтті.

Әрбір үгітшіге оңуйліктер белгіленіп, олардың шекаралары көрсетілді. Үгітшілер сайлаушылар тізімін жасап, қазір халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын кеңінен өрістетуде. Әсресе, үгітшілер Е. Забела, Е. Куприянцева жолдастар ерекше көзге түсуде. Бұл жолдастар өздерінің оңуйліктеріндегі сайлаушыларға ССРО Конституциясымен, советтік соттың құрылысымен таныстыруда. Оның үстіне дауыстап газет оқу, сайлаушылардың сұрақтарына жауап беру, әңгіме өткізу жұмыстарын да жақсы жолға қойған.

МТС-тің партия ұйымы озат трактор бригадасының бригадирі Ландыш жолдасты халық заседательдігіне кандидат етіп ұсынған болатын. Механизаторлардың жалпы жыйналысы Ландыш жолдастың кандидатурасын қызу қолдады. Сол сыяқты халық заседательдігіне кандидат етіп агроном Нежко, бригадир Шарипов жолдастарды ұсынды.

Б. БОРЗАКОВСКИЙ.

*Марксизм-ленинизмді өздігінен үйренушілерге көмек*

# Лениндік кооперативтік жоспар

Марксизм-ленинизм классиктері шаруа мәселесіне ерекше зор назар аударып келді. Бұл кездейсоқ та емес. Шаруа мәселесі —пролетариаттың өкмет билігі үшін, социализм орнату үшін күресіндегі одақтастары жөніндегі мәселе.

Маркс және Энгельс өздерінің «Коммунистік партияның манифесі», «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі», «Луи Бонапарттың онсегізінші брюмерасы», «Франциядағы азамат соғысы», «Германиядағы революция және контрреволюция» және басқа да бірқатар еңбектерінде жұмысшы табының шаруалармен одағы жөніндегі ілімнің негізін қалады. Бұл шығармалардың бәрінде де пролетариат басшылық еткен жағдайдағы пролетариаттың шаруалармен одағының қажеттігі айқын көрініп отырады.

Пролетариат пен шаруалар арасындағы одақтың қажеттігін негіздеумен қатар Маркс пен Энгельс шаруалардың ұсақ шаруашылығын қайта жасау және оларды (шаруаларды) социалистік құрылысқа араластыру әдістері жөніндегі негізгі идеяларын жалпылама сыйпаттау түрінде көрсетіп берді. Маркс пен Энгельс шаруалардың ұсақ шаруашылығы рационалды болмайтынын, оның жетілуге, өркендеуге қабілетсіз болатынын, мұндай шаруашылық сөзсіз, өзінің құрып-бітуіне әкеліп соғатынын талай рет көрсеткен болатын. Шаруалар бұқарасының қандай да болмасын қанаудан, қайыршылық пен күйзеушіліктен құтылуының бірден-бір дұрыс жолы олардың социализм жолына түсуі болып табылады.

Энгельс өзінің «Маркс» атты мақаласында, қайғы жұтқан шаруалар табының бір-ақ амалы бар, ол мынау: егер Европада шаруалар жер шаруашылығын өздерінің табиғи одақтастары —жұмысшылардың көмегімен қоғамдық формада және бүкіл қоғам есебінен жүргізетін болса, тек сөйткенде ғана олар өздерін шырмаған күйзеушіліктен құтыла алады, деп жазды. Шаруашылықты коллективтік түрде жүргізу негізінде ауыл шаруашылығын қайта құруды Маркс пен Энгельс пролетариаттың өкмет билігін жаулап алуымен байланыстырып отырды. Шаруа мәселесінің екіжақтылығын ескере отырып, Маркс пен Энгельс аграрлық программаны шешерде ұсақ шаруа ұсақ шаруашылықтан ірі шаруашылыққа бірте-бірте, «шаруашылық жолымен» өтсін дегенге сүйенді.

Марксизм-ленинизм ұсақ және орташа шаруаларды экспроприациялау және олардың өндіріс құралдарын мемлекеттік меншікке күштеп айналдыру жолын (мұны қыйсынсыз және қылмысты жол деп есептеп) теріске шығарады. Мұндай жол пролетар революциясының жеңіп шығуының қандай да болмасын мүмкіншілігін жоққа шығарар еді және шаруалардың ұзақ уақыт бойы пролетариат жауларының лагерінде болуына апарып соқтыруы мүмкін еді... қорытындыға келді. Ұсақ товар өндірушілерді басып, жаншуға болмайды, оларды ұзақ, баяу және сақтықпен жүргізілген ұйымдастыру жұмысы арқылы қайта құру, қайта тәрбиелеу керек, деді Ленин.

Өзінің кооперативтік жоспарында В. И. Ленин экономикалық саясаттың нақтылы жолдарын сызып берді. Бұған сүйену арқылы пролетариат саяси өкмет билігі мен басты-басты экономикалық биліктерді өз қолына ала отырып, социалистік индустрияны ауыл шаруашылығымен біртұтас етіп қабыстырды және сөйтіп бүкіл халық шаруашылығын социализмге бастады. Ленин көрсеткендей, шаруалардың миллиондаған ұсақ шаруашылығының болу фактісі пролетариат диктатурасы дамуының алғашқы сатыларында социалистік ірі өнеркәсіп пен шаруаның ұсақ шаруашылығы арасындағы шаруашылық байланыстың рыноктық формаларын сақтау қажет болады. Ал пролетариат диктатурасының қолындағы кооперация шаруаның ұсақ шаруашылығын қайта құрудың және шаруалардың көпшілік бұқарасын социализм рухында тәрбиелеудің тамаша құралы, деп үйретті В. И. Ленин.

«Біздің социалистік құрылыстың тарихы, —деді И. В. Сталин, — дамудың Ленин сызып берген бұл жолы өзін толығынан ақтағандығын көрсетіп отыр.

Біржылдыру көп ұсақ және орташа өндірушілердің табы бар барлық капиталистік елдер үшін дамудың бұл жолы бірден-бір мүмкін жол және социализмнің жеңуі үшін қолайлы жол екендігіне күмән болуы мүмкін емес» («ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», қазақшасы, 1952 жыл, 15-бет).

Жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылдарында рыноктық қатынастарға ерік беру өмірлік қажет іс болып табылды. Өйткені ескі, артта қалған техника негізінде жұмыс істеген өнеркәсіптің жайы жақсы болмады, ал ауыл шаруашылығында ұсақ жеке шаруалардың шаруашылығы басым болды. Жаңа экономикалық саясат жағдайында, Лениннің көрсетуі бойынша, сауда қала мен деревня арасындағы байланысты нығайту үшін, халық шаруашылығын қалпына келтіріп, социализмнің экономикалық негізі —қуатты социалистік индустрия жасау үшін қажетті негізгі буын болып табылды.

Ұсақ товарлы шаруаның шаруашылығы капитализм мен социализм арасында тұрған аралық шаруашылық болды. Оның дамуы капитализмге де, социализмге де апарып соғуы мүмкін еді.

Совет өкметі жағдайында, немесе қаланың деревняға басшылық еткен жағдайында, халық шаруашылығының негізгі тізгіндері пролетариат қолында болған жағдайда шаруалар шаруашылығы өз дамуында социализм жолымен жүруге тиіс болды. Шаруалар бұқарасының қайыршылық пен күйзеушіліктен құтылуы үшін пролетариатпен, социалистік өнеркәсіппен байланыс жасағаннан басқа, шаруалар... кендету болып табылады. Тек ауыр индустрия негізінде ғана ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруға болады. Шаруалардың негізгі бұқарасын шаруашылық жүргізудің коллективтік формаларына жаппай контрактация арқылы қатыстырмайынша, ауыл шаруашылығын тракторлармен, ауылшаруашылық машиналарымен және т. б. барынша мол етіп жабдықтамайынша колхоздарды және МТС- терді өркендету мүмкін емес. Осыдан келіп, ауыл шаруашылығын коллективтендіру негізінде қайта құрудың кілті ретіндегі біздің индустриямызды барынша шапшаң қарқынмен өркендету қажеттілігі туады.

Сонымен бірге, В. И. Ленин кооперацияның орасан зор тәрбиелік маңызын да көрсетіп берді. Кооперация, Ленин айтқандай, өзінің ең қарапайым формаларынан бастап шаруаға, оның мәдени және саяси дәрежесін арттыра отырып, қоғамдық жұмыстарды жүргізу дағдыларын бірте-бірте үйрете береді.

Лениндік кооперативтік жоспар жеке бір елде социализмнің жеңу мүмкіншілігі жөніндегі лениндік теорияның құрамды бөлегі болып табылады. Міне, атап айтқанда, сондықтан да троцкийшіл-бухариншіл опасыздар, капитализмді қайта орнатуға әрекеттенушілер лениндік кооперативтік жоспарға қарсы күрес жүргізді. Шаруалардың социализм құрылысына ұласу мүмкіншілігін теріске шығара отырып, троцкийшілдер кооперацияның социалистік сыйпатын, оның шаруаларды социалистік құрылысқа араластырудағы аса ұлы маңызын жоққа шығарды, кооперацияны мемлекеттік капитализмнің бір түрі деп есептеді. Бухариншілдер лениндік кооперативтік жоспарды бұрмалай отырып, колхоздарды кооперацияның кейбір формаларына қарсы қойды.

И. В. Сталин троцкийшілдер мен бухариншілдердің мұндай жауыздық пікірлерінің тас-талқанын шығарып, қыйрата соққы берді және лениндік кооперативтік жоспарды қорғап қалып, оны онан әрі дамытты.

Коммунистік партия И. В. Сталин бастаған өзінің Орталық Комитетінің басшылығымен троцкийшілдер мен бухариншілдердің жалған тұжырымдарының лениндік теорияға қарсы сыйпатта екенін әшкерелеп, колхоздар өндірістік кооперациялаудың өте-мәте айқын түрі болып табылатынын дәлелдеп шықты.

* * *

Коммунистік партия лениндік кооперативтік жоспарды дәйектілікпен жүзеге асырды. Мұнда партия қоғамның экономикалық дамуының объективтік заңдарын, қоғамның материалдық өмірінің дамуындағы толғағы жеткен қажеттерді халықтың мүделерін ескеріп отырды.

Ұсақ шаруа шаруашылықтарын алдыңғы қатарлы техникамен қаруланған өндірістік кооперативтерге біріктіру [illegible]... тендіру негізінде кулактарды тап ретінде жою саясатына көшуге мүмкіндік берді.

Жаппай коллективтендіру және соның негізінде кулактарды тап ретінде жою, БК(б)П тарихының қысқаша курсында атап көрсетілгендей, аса терең революциялық төңкеріс, өзінің нәтижелері жағынан 1917 жылғы октябрьдегі революциялық төңкеріске тең, ескі сапа күйінен жаңа сапа күйіне секіру болды.

Сөйтіп халық шаруашылығының сол кезде артта қалған саласы —ауыл шаруашылығында социалистік өндіріс тәсілі бекіді. Мұның арқасында ауыл шаруашылығындағы өндіргіш күштердің дамуына кең жол ашылды.

Соғыстан бұрынғы бесжылдықтар кезінде ССРО-дағы социалистік ауыл шаруашылығы дүние жүзіндегі ең ірі, механикаландырылған ауыл шаруашылығына айналды.

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында еліміздің ауыл шаруашылығы майданды азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен үздіксіз жабдықтап тұрды.

Жауларды талқандағаннан кейін совет халқы Коммунистік партияның және Совет үкметінің басшылығымен аз ғана уақыттың ішінде соғыста бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтірді. Соғыстан кейінгі кезеңде ауылшаруашылық өндірісін өркендетуде жаңа табыстарға қол жетті. Егіс алаңдарының көлемі және негізгі ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы соғыстан бұрынғы дәрежесінен әлдеқайда асып түсті. Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жөнінде нақтылы шаралар қабылданды. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы нығайып, едәуір артты.

Алайда Коммунистік партия социалистік жер шаруашылығы саласындағы міндеттерді белгілегенде ауыл шаруашылығының дамуындағы мұндай даусыз және ірі табыстарды ғана емес, негізінен еңбекшілердің үздіксіз өсіп отыратын материалдық қажеттерін ескеріп отырады. Ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өркендетпейінше азық-түлік молшылығын жасау және біздің даму қарқыны жылдам жеңіл және тамақ өнеркәсібімізді шикізатпен қамтамасыз ету мүмкін емес.

Сондықтан да соңғы уақытта Коммунистік партия мен Совет үкметі қабылдаған бірқатар қаулы-қарарларда социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын да шұғыл өркендетудің зор программасы белгіленді. Бұл өркендеу күшті қарқынмен дамып отыратын техника прогресі негізінде және ғылымның табыстарын өндіріске кеңінен енгізу арқылы жүреді. Еліміздің ауыр өнеркәсібі ауыл шаруашылығы үшін күннен-күнге көптеген жаңа, өнімділігі жоғары машиналар жасап шығаруда.

1954 жылдың басында ауыл шаруашылығында 1260 мың трактор, 326 мың астық комбайны, 370 мың жүк ав-



Петропавл паровоз деπосы автомат цехының мастері А. Зайцев өзі жұмыс істеген 30 жыл мерзім ішінде жүздеген слесарьларды үйретіп шығарды. Бұл жұмысын ол кәзір де тоқтатқан жоқ. СУРЕТТЕ: **А. Зайцев** жолдас (ортада) слесарьлар Ф. Домбовский мен А. Мироедовқа кезекті тапсырма жөнінде түсінік беріп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## ІСІ СӨЗІНЕ САЙ

Партия мен үкметіміздің тың жерлерді игеру жөніндегі қаулыларын іске асыруға байланысты республикамыздың солтүстік облыстарына тасылатын жүктің мөлшері анағұрлым артты. Бұл жүктердің едәуір бөлегі Петропавл темір жол бөлімшесінің үлесіне тиді. Тың жерлерге арналған жүктер станция арқылы облысымыздың көптеген аудандарына және республикамыздың басқа облыстарына жіберіледі. Тың жерлерге арналған жүктерді бөгемей, дәл мерзімінде жіберіп отыру сыяқты мемлекеттік зор маңызы бар істі орындауда Петропавл станциясының жүк тиеу және түсіру мекемесінің коллективі қажырлылықпен еңбек етуде.

—Біздің өз міндетімізді аброймен орындауымыз бүкілхалықтық іске қосқан зор үлесіміз болады,— деп мәлімдеді жақында болған жыйналыста жүкшілер бригадасының бригадирі Болатов жолдас. Бұл бүкіл коллективтің шешімі еді.

Коллектив сертінің беріктігі табысты еңбекпен дәлелденуде. Мұнда жүк тиеудің және түсірудің айлық жоспарлары үнемі артығымен орындалып келеді. Болатов жолдастың басқаруындағы жүкшілер бригадасының еңбек өнімділігі 150 процентten асады. Ал жүк көтеру кранының машинисі Малыхина жолдас октябрь айындағы жұмыс тапсырмасын 213 процент етіп орындады. Бұл бригада октябрь айындағы социалистік жарыста бірінші орынға шыққан болатын. Бұл күндері озат жүк тиеушілер өздерінің жұмыс қарқынын арттыра отырып, бұрынғыдан да асқан қажырлылықпен еңбек етуде. Бұрынғысынша бірінші орында келе жатқан Болатов жолдастың бригадасының мүшелері өздерінің сменалық тапсырмаларын 150- 160 процент, ал Быков жолдастың бригадасы 147- 150 проценттен орындап жүр. Сол сыяқты Мамлют станциясындағы Ахметов жолдастың жүкшілер бригадасы табысты еңбек етуде.

**И. РИЗАМАТОВ.**

## Өнім мол және сапалы шығарылуда

Қалалық өндіріс комбинатының барлық жұмысшы, қызметкерлері астанамыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасын қызу еңбек майданында қарсы алды. Игілікті бастама комбинат жұмысшыларын өндірісте жаңа табыстарға жете беруге жігерлендіре түсті.

Өндіріс комбинатының барлық цехтары... сапасы да бірсыпыра жақсарды, өзіндік құны едәуір кеміді.

Мінсіз сапалы өнімді көп шығаруда етік тігушілер А. Кунушев, А. Ғабдырахманов, И. Киселев және етік пішіп, даярлаушы Е. Еровина жолдастар өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсетіп, коллектив құрметіне бөленуде. Бұл өндіріс озаттары сменалық тапсырмаларын үнемі 120—160 процентке дейін артығымен орындап жүр.

Комбинат коллективі советтік озат те...

ғар еді.

Пролетариат диктатурасы үстемдік еткен жағдайда шаруаның ұсақ шаруашылығын социалистік жолмен өзгертудің формасы ретінде Маркс пен Энгельс кооперацияны ұсынды. Маркс 1867 жылдың мартында, кооперативтік қозғалыс таптық антагонизмге негізделген сол кездегі қоғамды өзгертуші күштердің бірі болып табылады, деп көрсетті. Энгельс 1886 жылы 20 январьда Бебельге жазған хатында, коммунистік шаруашылыққа өтерде кооперативтік өндірісті аралық буын ретінде кең көлемде қолдануға тура келеді, деп ашық көрсетті. Бұл арада Энгельс пролетарлық мемлекеттің кооперативтік өндіріске басшылығындағы шешуші маңызын ерекше атап өтті.

Маркс пен Энгельс ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың нақтылы формалары мен әдістерін көрсете алмады. Ол кезде олар мұндай міндетті алдарына қойған да жоқ еді. Энгельс ауыл шаруашылығын қайта құрудың формалары мен әдістері пролетариаттың өкметті жаулап алу жағдайларының сыйпатына байланысты болады, деп көрсетті.

Маркс пен Энгельстің мұндай жалпы нұсқауларын В. И. Ленин жаңа тарихи жағдайларға, пролетар революциясы мен социалистік құрылыс жағдайларына сәйкес нақтылы түрге келтірді және онан әрі дамытты.

* * *

В. И. Ленин өзінің соңғы мақалаларында —«Кооперация туралы», «Біздің революциямыз туралы» және тағы басқаларында —ССРО-да социализм орнатудың жоспарын жасады, шаруаларды социалистік құрылысқа араластырудың жолдарын сызды. И. В. Сталин бұл мақалаларды В. И. Лениннің саяси өсиеті деп атады.

Біздің елімізде социализм орнату жөніндегі өзінің жоспарында В. И. Ленин жұмысшы табы социализмді шаруалармен одақтаса отырып орнатуға тиіс дегенді басшылыққа алды. Шаруалардың жекеменшікке негізделген ұсақ шаруашылығын кооперация арқылы ірі, социалистік шаруашылыққа айналдырудың Ленин жасаған жоспары социализм орнату жөніндегі жалпы жоспардың құрамды бөлегі болып табылады.

Социализм құруды тек социалистік өнеркәсіпті барынша өркендете берумен ғана шектеуге болмады. Социализм құрылысы жер шаруашылығын да міндетті түрде қамтуға тиіс болды. Шаруаның ұсақ шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру пролетариат өкметі жаулап алғаннан кейінгі жерде социалистік құрылыстың аса қиын міндеттерінің бірінен саналады. Ұлы Ленин таптар мен тап күресіне марксистік терең талдау жасау негізінде, таптарды дереу жойып жіберуге болмайды, өкметті пролетариат жаулап алғаннан кейін де олар әлі сақталады, таптарды жою дегеніміз тек помещиктер мен капиталистерді қуып жіберу ғана емес, ол, сонымен бірге, ұсақ товарлы шаруашылықты да жою деген сөз, дейтін шаруашылығының жаппай кооперациялау арқылы социалистік дамудың жалпы арнасына құйылуынан басқа ешқандай жол жоқ еді.

Социалистік өнеркәсіптің басшылығы сақтала отырып, шаруалар бұқарасының жаппай кооперациялануы —ұсақ товарлы шаруалар шаруашылығының шаруаларды жаппай күйзеушілікке ұшырататын ескі, капиталистік жолдан шығуы және оның дамудың жаңа жолына —социалистік даму жолына түсуі деген сөз.

Кемеңгерлік көрегендікпен В. И. Ленин кооперация пролетариат диктатурасы кезінде шаруалардың миллиондаған бұқарасының социализмге өтуінің бірден-бір дұрыс жолы болатынын, сөйтіп кооперация өндірісті ұйымдастырудың бір формасы болып табылатынын анықтады.

В. И. Ленин кооперацияның капитализм тұсындағы және пролетариат диктатурасы кезіндегі принциптік айырмашылықтарын ашты. Капитализм кезіндегі кооперация коллективтік капиталистік мекеме, буржуазиялық құрылыс механизмінің бөлшегі оның қосалқысы болса, Совет өкметі жағдайында олай емес, мұнда ол социализм орнатудың аса маңызды құралы болып табылады.

В. И. Ленин социализм тұсындағы кооперацияның социалистік қоғам орнатуға барлық қажетті белгілерін көрсетті. Олар мыналар: барлық ірі өндіріс құралдары мемлекет қолында, мемлекеттік өкмет пролетариат билігінде, пролетариат пен сан миллиондаған ұсақ және өте ұсақ шаруалардың одағы, пролетариаттың шаруаларға басшылық ету ролін қамтамасыз ету және т. б.

В. И. Ленин кооперациялау толық жүзеге асқан жағдайда біз әлдеқашан социализмге жеткен болар едік, өйткені кооперация біздің жағдайымызда социализммен толық сәйкес келеді, деп көрсетті. Кооперацияға бүкіл халықтың түгелдей қатысуына жетісу үшін, Ленин атап көрсеткендей, тұтас бір тарихи дәуір керек, демек бір-екі онжылдықты бастан кешіруге тура келетіні анық болды.

Кооперация, әсресе ауылшаруашылық кооперациясы шаруалардың ұсақ жеке шаруашылықтан ірі өндірістік бірлестіктерге—колхоздарға өтуінің өте-мөте тиімді және түсінікті жолы болып табылады, деді Ленин.

Кооперацияның қарапайым формалары (тұтынушылар кооперациясы, ауылшаруашылық кооперациясы, кредиттік кооперация, кәсіпшілік кооперациясы) еңбекші шаруалардың өндірістік кооперацияға, колхоздарға өтуін бірте-бірте дайындауға тиіс болды.

И. В. Сталин шаруалар шаруашылығын шаруашылық дамуының жалпы системасына енгізу кредиттік кооперация, ауылшаруашылық кооперациясы, кәсіпшілік кооперациясы, тұтынушылар кооперациясы арқылы жүргізілуге тиіс деп көрсетті.

Лениннің кооперативтік жоспарының негізгі түйіні пролетариаттың диктатурасы мен ірі социалистік өнеркәсіпті ор-лизмнен социализмге қарай өту кезеңіндегі объективті қажеттілік болып табылады. Коллективтендіру жұмысын жүргізбейінше, бүкіл халық шаруашылығының жоғары техника негізінде үздіксіз өркендеуін және халықтың әл-ауқатының ұдайы артуын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Партия коллективтендірудің тарихи қажеттілігін түсінді, ауыл шаруашылығы дамуының капиталистік жолын теріске шығарды, өйткені мұндай жол социализм ісі үшін апатқа соқтыратын жол еді. Партия ауыл шаруашылығы дамуының социалистік жолын таңдап алды. БК(б)П-ның XIV съезі ауыл шаруашылығын коллективтендіруге бағыт алған съезд болды.

Мұндай аса зор міндетті орындау үшін тиісті дәрежеде соған сәйкес дайындық жұмыстары қажет болатынын партия түсінді де. Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру үшін материалдық жағдайларды жасау қажет болады.

Партия мен совет мемлекетінің деревнядағы экономикалық саясаты кедей және орташа шаруаларды барлық жағынан қалай да қолдап, ал кулактарды тежеп отыруға бағытталды. Коллективтендіруді дайындауда социалистік индустрияны үздіксіз өркендету ісі шешуші маңызға ие болды. Индустрияландыру ісі тракторлар, комбайндар және басқа да ауылшаруашылық машиналарын өндіретін заводтар салу жұмысын кеңінен өрістетуге мүмкіндік берді. Шаруалардың колхозға жаппай енуі ауылшаруашылық кооперациясының барлық түрлерінің де дамуымен дайындалып отырды. Шаруалардың колхоздар жолына түсуінде шаруалар бұқарасына саяси тәрбие беру жөнінде партия жүргізген жұмыстар маңызды роль атқарды.

В. И. Ленин былай деп есептеді: социалистік мемлекеттің маңызды міндеті халықты ұйымдастырудың жаңа, кооперативтік принципін үнемі қолдап отыру, кооперацияға экономикалық, финанстық және басқа да жеңілдік көрсетіп отыру болып табылады. Совет мемлекеті колхоз және совхоз құрылысын финансылау үшін орасан көп мөлшерде қаражат жұмсады. Жаппай колхоз қозғалысының алғашқы жылдарында партияның таңдаулы қызметкерлері және ондаған мың алдыңғы қатарлы жұмысшылар деревняға жіберіліп, олар колхоздарды ұйымдастыру ісінде шаруаларға көп көмек көрсетті.

Біздің елімізде шаруалардың колхоздар жағына түпкілікті бұрылуы 1929 жылдың екінші жартысында болды. Бұл уақытқа дейін ауыл шаруашылығын коллективтендірудің экономикалық және саяси предпосылкалары дайындалып болған еді. Колхозға шаруалардың негізгі көпшілігі —орта шаруалар ене бастады. Сөйтіп деревняда жаппай коллективтендіру процесі басталды. Еңбекші шаруалардың социализмге қарай ауытқуы еліміздегі таптық күштердің социализм пайдасына, капитализмге қарсы түпкілікті орын алмастыруының ұлы айғағы болды. Бұл жағдай кулактарды тежеу және ығыстыру саясатынан жаппай коллектив-томобильдері және басқа да көптеген машиналар жұмыс істеді.

Астық дақылдарын жыйнауды онан әрі механикаландыру мәселесі ойдағыдай шешілуде. Жер шаруашылығы тарихында ең бірінші рет алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда астықты жыйнау және жұмыстау машиналардың біртұтас үздіксіз тасқынды комплексімен жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мал фермаларындағы жұмыстарды комплекстік механикаландырудың үлгілерін көрсетуде. Ауыл шаруашылығына комплекстік механикаландырудың енгізілуі еңбек өнімділігін едәуір дәрежеде арттырып отыр.

Колхоздардың қоғамдық шаруашылығы нығаюда, олардың байлығы жедел артып, колхоздар мен колхозшылардың ақшадай және заттай табыстары молаюда. Колхоз құрылысы ондаған миллион шаруалардың өндірісі мен тұрмысының негіздерін социалистік, жаңа жолмен қайта құрды.

Коммунизм құрылысы программасының аса маңызды бөлегі ретінде ауыл шаруашылығының барлық салаларын да шұғыл өркендетуді жүзеге асыра отырып, партия мен үкмет бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі —астық шаруашылығын онан әрі өркендетуге ерекше назар аударып отыр. Астық өндірісін тез арада ұлғайтудың ірі резерві Қазақстанда, Сибирьде, Уралда, Поволжьеде және ішінара Солтүстік Кавказдың аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы астық дақылдарының егісін кеңейту болып табылады. Партия мен үкмет 1956 жылы тың игеруді 28-30 миллион гектарға жеткізуді белгіледі. Кәзір, тек 1954 жылдың өзінде ғана 17 миллион гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Ауыл шаруашылығы өткен жылмен салыстырғанда быйыл мемлекетке астықты 289 миллион пұт артық тапсырды және сатты. Коммунистік партияның және Совет үкметінің басшылығымен дүние жүзіндегі ең ірі социалистік ауыл шаруашылығын жасаған совет халқының табыстары 1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде бейнеленген. Совет халқы көрмені ауыл шаруашылығындағы озат тәжрибенің бай қазнасы деп орынды атады. Шынында да ауылшаруашылық көрмесі лениндік кооперативтік жоспардың біздің елімізде жүзеге асқанын, жарқын салтанат құрғанын көрсетеді.

* * *

Лениндік кооперативтік жоспардың аса зор халықаралық маңызы бар. Халықтық демократия елдерінде социализм құрылысы табысты жүргізілуде. Бұл елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары лениндік кооперативтік жоспарды басшылыққа ала отырып, еңбекші шаруалар бұқарасын кооперациялау, өндірістік кооперативтерді құру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Кооперативтік және мемлекеттік шаруашылықтар Болгарияда 1953 жылы жыртылатын жердің 60 процентін, Чехословакияда деревнялардың 58 процентін біріктірді. Қытай деревнясында да кооперативтік қозғалыс жылдан-жылға күшейе түсуде.

**Е. ЛАРЬКИНА.**

---

мен бригадаларында еңбек өнімділігін арттыру, өнімді сапалы шығару, өнімнің өзіндік құнын кеміте беру жолындағы социалистік жарыс кең өрістетілді. Соның нәтижесінде, комбинат коллективі жылдық өндірістік тапсырманы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі күндерінде 104 процентке артығымен орындап шықты. Бұл мерзімде өнім ника мен технологияны өндіріске кеңінен пайдаланып, өнер тапқыштардың іс тәжрибелерін бұқара игілігіне айналдырып және пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, халық тұтынатын көпшілік қолды товарларды мейлінше көп және сапалы өндіру жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

**Қ. ШАЙХИСЛЯМОВ.**

## АРТЕЛЬ ОЗАТТАРЫ

Москваның алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің патриоттық бастамасы Панфилов атындағы кәсіпшілік артелінің жұмысшылары арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Артель коллективі бұл бастаманы талқылай отырып, өнім шығарудың төртінші тоқсандағы жоспарын 65 жұмыс күні ішінде орындап шығуға міндеттенді. Кәзір олар өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін бұл міндеттемені аброймен орындап шығуға жұмылдыруда. Артель ноябрь айында 715 мың сомның дайын өнімдерін беруге тиіс еді. Ал артельде кәзірдің өзінде 863 мың сомның дайын өнімі шығарылып, жоспар артығымен орындалды.

Социалистік жарыста Лазарев жолдастың басқаруындағы жуу цехы алда келеді. Цехта еңбек өнімділігі 125 процентке жеткізілген. Ал, Черинщикова жолдастың жуушылар бригадасы күнделікті жұмыс тапсырмасын біржарым есе орындап жүр. Сол сыяқты, жүн түту цехы да жақсы нәтижелер көрсетуде.

Үстіміздегі жылы артель коллективі өткен жылғымен салыстырғанда дайын өнімдерді төрт есе артық шығар[illegible]. Олар төртінші тоқсанның өзінде ғана өткен жылы шығарылған барлық өнімдерді береді. Оларда бұл міндетті орындап шығуына толық мүмкіншілік бар.

**Р. ТӘШКЕНОВ.**

## Булаев станциясына жете назар аударылсын

Булаев темір жол станциясы Омбы темір жолы бойындағы үлкен станциялардың бірінен саналады. Осы станция арқылы Булаев ауданының барлық мекемелері мен колхоздарына, МТС-тер мен совхоздарына, сол сыяқты Конюхов, Полудень және Совет ауданының кейбір МТС-теріне күн сайын дерлік жүк келіп жатады. Жаңадан ұйымдастырылғалы отырған 3 совхозға құрылыс материалдары, трактор, автомашина, тұрғын үйлер мен жабдықтар келіп түсе бастады. Булаевтан Маленков атындағы совхозға дейін салына бастаған тар табанды темір жол құрылысына және Булаевта жаңа салына бастаған элеватор құрылысына керекті материалдар күн сайын вагонмен келтірілуде. Шаруашылық мекемесіне осы станция арқылы біртәулік ішінде келтірілетін жүктің мөлшері ондаған вагонға жетеді. Ал станцияның өзінен тиеліп, жөнелтілетін жүк өз алдына.

Петропавл темір жол бөлімшесі быйыл Булаев станциясындағы жүк түсірілетін жеке темір жол тұйығын бірнеше жүз метр ұзартуға жоспарлаған болатын. Темір жол бөлімшесінен келгендер ауданның тыңды көп игеруіне байланысты жаңа совхоздар құрылып, элеватор үйі мен темір жол құрылыстарының басталуына сәйкес жүк көп келіп жатқандықтан, жоспарланған жол- тұйықтарын ұзартуды тез арада аяқтау керек, деген еді. Өйткені, ол тұйықтарсыз вагондардан жүк түсіріп үлгеруге мүмкіншілік жоқ. Жүк түсірілетін алаң жеткіліксіз болғандықтан бос вагонды алып кету үшін жүгі түсірілмеген вагондарды ерсілі-қарсылы сүйрелеуге көп уақыт кетеді. Осыдан бүгін түсірілетін вагондар ертеңге қалып, вагондардың тоқтап тұрушылығы көбейе беруде.

Июль айының бас кезінде Булаев темір жол станциясына Петропавл темір жол бөлімшесінің бастығы Г. Еремин жолдас келді. Станцияның жұмысымен танысқаннан кейін № 8 және 5 тұйық жолдарды дереу ұзарту қажет деген қорытындыға келіп, № 5 дистанцияның бастығы Больщиков жолдасқа жоғарыда көрсетілген жол тұйықтарын ұзартуға бұйрық берген болатын.

Амал қанша, темір жол бөлімшесінің басшылары өз бұйрықтарын жүзеге асыруға өздері атымен назар аудармады.

Сол сыяқты, жолаушылар көп жүретін станция жұмысы халықтың тілегіне сай емес. Вокзалда небары 25 адам ғана [illegible]ратын орын бар. Сондықтан чемоданы бар жолаушылар орындыққа отырып, чемоданы жоқтар түрегеліп тұрады.

Жолаушылардың артық ауыр нәрсесін сақтайтын сақтау камерасы да жоқ. Багаж қоятын қойма өте кішкентай.

Булаев темір жол станциясында тұйық жолдарды ұзарту, вокзалды үлкейтіп, жолаушыларға қолайлы жағдай жасау қажеттігі Омбы темір жол басқармасы мен Петропавл темір жол бөлімшесіндегі басшы жолдастарға ертеден мәлім. Бірақ олар Булаев станциясына жүк тиеген вагондардың көп тұрып қалуын болдыртпау үшін тұйық жолдарды ұзарту мәселесіне немқұрайдылық көрсетіп келеді. Мұнан былай мұндай кемшіліктерге төзе беруге болмайды. Сондықтан, Булаев станциясы коллективінің заңды талаптарын орындайтын уақыт жетті.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**
(Өз тілшіміз).

# Еңбек ұйымдастыру ісіне басшылық жақсартылсын

Үстіміздегі жылы біздің облысымызда тың және тыңайған жерлерді игеру үшін көптеген жаңа совхоздар ұйымдастырылды. Тың жерлерді игеретін МТС-тердің де трактор парктері алуан түрлі жаңа техникалармен толықтырылды. Соның нәтижесінде бір жыл мерзім ішінде онға жуық мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Бұл жұмыстарды атқару ісіне көптеген кәсіподақ ұйымдары, оның мүшелері белсене қатысты.

Булаев астық совхозының Зайкин жолдас басқаратын трактор бригадасында 7 «ДТ—54» тракторы жұмыс істеді. Ондағы тракторшылардың барлығы дерлік кәсіподақ мүшелері еді. Бригада коллективі әрбір жеке трактордың шартты жер жырту есебімен 824 гектардан тың көтерді. Ал Жданов атындағы совхоздың тракторшысы, кәсіподақ мүшесі Воропаев жолдас өз тракторымен 1320 гектар жер жыртып, жүздеген килограмм жанар, жағар май үнемдеді. Бірақ кәсіподақ ұйымдары осындай озаттардың іс-тәжрибелерін көпшілік арасында кеңінен насихаттай алмады. Барлық жерде бірдей еңбек өнімділігін арттыра беруді ұйымдастырумен жеткілікті шұғылданбады.

Осы сияқты кемшіліктердің орын алуы салдарынан кейбір МТС-тердің жұмысында әлі де болса елеулі олқылықтар бар. Бұған дәлел ретінде Ленин ауданындағы Образцовый МТС-ін алайық. МТС (директоры Корнев, кәсіподақ ұйымының председателі Бурлаков жолдастар) жыл басынан бері мемлекетімізден көп техника күшін, мыңдаған сом қаржы алды. Мұнда тракторшылар, комбайншылар, агрономдар, басқа да ауылшаруашылық мамандары жеткілікті болды. МТС-тегі механизаторлардың мәдени-тұрмыстық жағдайлары жақсарды. Онда жақсы жабдықталған асхана, клуб, жатақхана тағы басқа да мәдени-тұрмыстық орындар бар.

Осы жағдайларға қарамастан МТС қамтуындағы колхоздар мемлекетке астық тапсыру жоспарын, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу борышын өтей алмады. Оның үстіне олар әрбір центнер астықтың өзіндік құнын 7 есе қымбаттатып алды. Мәселен бір центнер астықтың өзіндік құны 37 сом 39 тиын болуға тиіс болса, ол 211 сом 70 тиынға түсті. Астықтың әрбір центнерлік құнын 105 сомнан 128 сомға дейін қымбаттатқан. Семиполка, Совет, Ленин атындағы МТС-терді де атап айту керек.

Бұл МТС-терде осындай кемшіліктердің болу себебі ең алдымен МТС басшыларының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білмеуінен, социалистік жарысқа басшылық етпей, оның қорытындыларын күнделікті шығарып отырмауынан, оның үстіне әрбір механизатордың тұрмыс жағдайын жақсартуға қамқорлық жасамауынан деп білу керек.

Бірақ облыстағы МТС-тердің барлығында да жұмыс жайын нашар деуге болмайды. Суворов атындағы МТС-тің (директоры Супрунюк, кәсіподақ ұйымының председателі Шахних жолдастар) қамтуындағы колхоздар мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру жоспарын және мемлекеттік сатып алу орындарына астық сату, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу тапсырмаларын толық орындап шықты. МТС-тегі кәсіподақ ұйымының еңбекті дұрыс ұйымдастыруының нәтижесінде әрбір механизатор өнімнің өзіндік құнын кемітуде зор табысқа жетті. Демек, мұнда әрбір центнер астықтың өзіндік құны 46 сом 49 тиын орнына 43 сом 02 тиынға түсті. Егер МТС-тердің барлығының көрсеткіші осындай болса, онда облыс астық дайындау жоспарын артығымен орындаған болар еді. Амал не ол болмады.

Қазір қысқы маусым кезінде облыс көлеміндегі барлық МТС-терде ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысы басталды. Соңғы, төртінші тоқсанда облыс МТС-тері бойынша 1224 трактор, 1377 комбайн, 885 культиватор және тағы басқа жүздеген ауылшаруашылық машиналары жөнделуі керек еді. Ал 20 ноябрьге дейін жөндеуден өткен машиналар: тракторлар 10,8 процент, комбайндар 22,5 процент, сеялкалар 17 процент, культиваторлар 20,3 процент ғана.

Образцовый МТС-і сентябрь айында 5 тракторды жөндеген еді. Содан бері екі айдан астам уақыт өтсе де онда бірде-бір ауылшаруашылық машинасы жөнделген жоқ. Ал МТС басшылары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына сол сентябрьде жөнделген 5 тракторды мәліметке қайта-қайта жазып бере берді. Мұның өзі іске кері әсерін тигізетін көзбояушылық. Мұндай фактілерге төзуге болмайды.

МТС-тердегі трактор парктерін қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етуде облыстық «Главмашсбыт» мекемесі өзінің міндетін дұрыс атқара алмай жүр. Мұнда қосалқы бөлшектерді МТС-тердің тілегіне сай бөлмеушілік бар. Осы себептерден МТС-тердің бірінде қосалқы бөлшектердің бір түрі мөлшерден көп болса, екінші түрлері мүлдем жоқ болады. Мұның өзі мастерскойларда жөндеу жұмыстарын торапты әдіспен жүргізуге қолайлы жағдай туғызбай отыр.

Келесі жылдың егісі үшін облысымыздағы МТС-тер мыңдаған гектар шар мен зябь жыртып әзірледі. Ол жерлерді көктемде өңдеу үшін тісті тырмалардың, дискелі лущильниктердің, культиваторлар сияқты құрал-саймандардың маңызы аса зор. Сондықтан да жергілікті кәсіподақ ұйымдары МТС дирекциясымен, инженер-техник қызметкерлерімен бірлесе отырып, бұл ауылшаруашылық машиналарын тез және сапалы жөндеуді қамтамасыз етуге тиіс.

МТС-тердегі ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге, оны келесі жылдың егісі үшін толық әзірлеуде кәсіподақ ұйымдарының зор роль атқаратынын ұмытпау керек. Кәсіподақ ұйымдарының председательдері әрбір механизаторлармен жеке-жеке байланыс жасап, олардың тұрмыс жағдайларына, мәдени тілектеріне ерекше көңіл бөлгені, оларға қамқорлық жасағандары жөн. Кәсіподақ ұйымдарының жұмысы неғұрлым жақсы жолға қойылған болса, механизаторлардың еңбек өнімділігінің артуына, өнімнің өзіндік құнын арзандатуға әсер етеді.

Бірақ жекелеген МТС-терде механизаторлардың тұрмыстық жағдайларына айтарлықтай көңіл бөлінбейді. Аудандық тұтынушылар одағы механизаторларды жылы сырт киімдермен, пималармен қамтамасыз етпей келеді. Асхана, монша, жатақхана жұмысты нашар істейді.

Бұған мысал ретінде Сартомар МТС-ін алайық. МТС (директоры Макаров, кәсіподақ ұйымының председателі Анохин жолдастар) ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде тым артта қалып отыр. Мұнда жөндеу жұмыстарын көрсетілген жоспардан артық орындауға толық мүмкіншіліктері бар. Ал оған кедергі болып отырған себеп не? Оның себептеріне мынаны айтуға болады. Жөндеу мастерскойының әлі күнге есік-терезелері салынбаған. Жұмыс орындары электр жарығымен қамтамасыз етілмеген. Механизаторлардың көпшілігі колхоздарда тұрады. Олар жатақхана, асхана, моншамен жақсы жабдықталмаған. МТС орталығында тұратын жұмысшылар жұмысқа кеш шығып, үйлеріне ерте қайтады. Жөндеу мастерскойының іші суық.

Бұл жағдайлардың барлығы МТС-тің кәсіподақ ұйымының председателі Анохин жолдасқа да, МТС директоры Макаров жолдасқа да әбден белгілі. Алайда олар бұдан ешқандай қорытынды шығармай отыр. Осы сияқты жағдай Налобин МТС-інде де (директоры Андрюшков, бас инженері Беспалов, кәсіподақ ұйымының председателі Головин жолдастар) орын алған. Бұл МТС-терде механизаторлар тұрмыстық қажеттермен қамтамасыз етілген жоқ. Жұмыс орындарында тәртіп нашар.

Әрбір МТС-тегі шаруашылық міндеттерінің кезінде, сапалы орындалуы үшін онда еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, еңбек өнімділігінің арттырылуына, социалистік жарыстың кең өрістетілуіне кәсіподақ ұйымдары күнделікті араласып отыруы керек. Кәсіподақ ұйымдары МТС-тегі әрбір жұмысшының мәдени тілегіне, дағдылына құлақ асып, олардың мәдениетті тынығуына, өнімді еңбек етуіне, жұмыс орнының жақсы жабдықталуына жағдай жасау ісіне үнемі көңіл бөліп отырылуға міндетті.

**К. ЕСІМОВ.**

## Мал қыстатуды үлгілі өткіземіз

Партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жөніндегі қаралпарын жүзеге асыру жолында біздің совхоздың малшылары табандылықпен күресіп келеді. Олар әр сиырдан жылына сауылатын сүт мөлшерін 13 процент арттырып, оны 3078 килограмға жеткізді. Мұқатай Асанов пен Владимир Солдатовтың табындарында әр сиырдан орта есеппен 3430 килограмм сүт сауылды, ал 11 сауыншы, оның ішінде Адарченко, Бейсенова, Григорьева жолдастар әр сиырдан орта есеппен 4000 килограмнан аса сүт сауды. Олар мұндай нәтижелерге малды молынан және дұрыс азықтандырып, жақсы күтудің арқасында жетісті.

Совхоз коллективі 1955 жылы әр сиырдан 3500 килограмнан, ал 450 сиырдың әр қайсысынан—5.000 килограмнан сүт сауып, колхоздар мен совхоздарға сату үшін жоғары өнім беретін асыл тұқымды төл өсіруді ұйғарып отыр.

Бұған жету үшін мал қыстатуды үлгілі өткізу керек. Малды қолда бағатын кезеңде сиырлардан сүттің мол сауылуын сақтау үшін балғын жемшөптің қандай зор маңызы бар екеніне тәжрибе жүзінде біздің көзіміз жетті. Быйыл әр сиырға 12 тоннадан жемшөп сүрледік. Бұл жемшөптің жартысы сүрленген жүгері мен күнбағыс, бес тоннасы—малазықтық қарбыз бен асқабақ, бір тоннасы—картоп. Шөппен аралас азықтар жеткілікті мөлшерде дайындалды.

Жемшөп базасын нығайту 25 октябрьде малды лагерьлеп бағудан қолда бағуға көшіруге мүмкіндік туғызды. Фермаларда екі мезгілдік жұмыс тәртібі енгізілді. Сауыншылар таңертең төрт сағат және кешке төрт сағат жұмыс істейді.

Жуырда Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі деген құрметті атаққа ие болған совхоздың бас зоотехнигі В. П. Лубовтың басшылығымен, малдардың өнімділігіне қарай оларға берілетін азық рационы жасалды. Қазір сиырларға тәулігіне орта есеппен 80 килограмнан қарбыз бен асқабақ, он килограмнан картоп, екі килограмнан аралас азықтар, сегіз килограмм шөп беріліп жүр. Барлық төрт фермада механикаландырылған жемшөп кухнясы жұмыс істейді. Сентябрьден бастап малды күзде балғын жемшөппен қосымша азықтандыруды міне үшінші жыл қолданып келеміз. Мұның нәтижесінде бұл айларда сауылатын сүт мөлшері екі есе молайды.

Біз мал шаруашылығындағы еңбек көп жұмсалатын процестерді механикаландыруға зор көңіл бөлеміз. Сиыр сауатын аппараттар өткен жылы тек бір фермада ғана болса, қазір төрт ферманың бәрінде бар. Автомат астаулар, аспалы жолдар жасадық.

Қолда бағатын кезеңде малды дұрыс азықтандырып, жақсы бағып-күту бізге, өткен жылдағыдай, сиырлардан сүтті мол сауып, қысқы айларда мемлекетке сүт тапсырудың жылдық жоспарының жартысын орындауға мүмкіндік туғызады.

**В. ВЫДРИН,**

**Песчан совхозының директоры.**



Бесінші бесжылдықтың үшжарым жылы ішінде Қарағанды облысының еңбекшілері 485 мың шаршыметр тұрғын алаңдарын алды, 30 мектеп, 17 аурухана, поликлиникалар мен әйелдер босанатын үйлер, 20 балалар бақшасы мен яслийлері, бірнеше кинотеатрлар мен клубтар салынды.

Үстіміздегі жылы қарағандылықтар тағы да 178 мың шаршыметр тұрғын алаңдарын алатын болады. СУРЕТТЕ: Қарағанды қаласындағы Бейбітшілік бульварының бойында № 1 шахтаның кеншілері үшін салынған жаңа тұрғын үйлер.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## ОЗАТ СТУДЕНТ

Қай коллективте болмасын, өзінің кішіпейілдігімен, жолдастық қамқорлығымен, үлгілі істерімен жолдастарының құрметіне бөленген, олардың қадыр тұтатын адамы болады. Міне, осындай адамдардың бірі қаладағы мұғалімдер институтының география-жаратылыстану факультетінің 2-ші курс студенті Нариманбек Мәліков.

Нариманбек жеті жылдық мектепте оқып жүрген кезінде-ақ оқытушы боламын деген шешімге келген болатын. Бұған оның өз өмірінің барлығын педагогикалық қызметке жұмсаған әкесі көп әсер етті. Әкесі педагогтердің игі қызметі жөнінде балаларына үнемі әңгімелеп отыратын еді. Әке үлгісімен Нариманбектің үлкен ағасы Кәмелбек те мұғалімдік қызметті қалады. Алғашқы кластардан бастап жақсы оқыған Нариманбек 7-класты да үздік бітірді. Өзінің көптен көздеген мақсаты бойынша ол Омск педагогикалық училищесіне оқуға түсті.

Училищеде оқый жүріп Нариманбектің педагогикалық мамандықты дұрыс таңдап алғандығына сенімі артты. Оқытушылары жас Нариманбектің оқуға деген ынтасын байқап, оны тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. Нариманбек училищедегі практикалық сабақтарды да жақсы өткізді, өзінің оқытушылық қызметте қабілеті бар екендігін байқатты. Төрт жылғы қажырлы еңбек далаға кеткен жоқ. Мәліков училищені үздік дипломмен бітірді.

—Нариманбек,—деген еді училище директоры оған диплом тапсырарда,—біз сенің жақсы педагог болатындығыңа сенеміз, оған шын көңілден тілектеспіз де, бірақ сен әлі де оқы, жоғары білім ал.

Нариманбек училищені бітірген жылы қаламыздағы мұғалімдер институтының география-жаратылыстану факультетіне оқуға түсті. Ол мұнда оқыған алғашқы күннен бастап өзінің үздік оқыйтын, қоғамшыл студент екендігін көрсетті. Ол барлық пәндер бойынша жақсы үлгеріп, бірінші курсты үздік бағамен аяқтады. Мәліков жақсы оқый жүріп, институттың қоғамдық жұмыстарына да белсене араласты. Ол кәсіподақ комитетінің мүшесі болды. Сол сияқты өткен жылғы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде үгітші болып жұмыс істеді. Ол қазірде де халық соттары сайлауы қарсаңында сайлаушылар арасында үгіт жұмыстарын жүргізуде.

Оқуда үздік, қоғам жұмысында белсенді комсомолец Нариманбекті институт коллективі мақтаныш етеді.

**Н. ОМАРОВ.**

## Кемшіліктерді батыл сынады

Жуырда Петропавлдың ауылшаруашылық орта мектебі комсомол ұйымының есеп беру- сайлау жыйналысы болып өтті. Комсомол комитетінің бір жылғы жұ-

ғы басқа жолдастар оқуға бір ай кешігіп келген. Бұл сияқты фактілерді біле тұра комсомол комитетінің мүшелері оларды коллективтің талқысына салмай, ымыра-

арасында лекциялар мен баяндамалардың, әңгімелердің сирек ұйымдастырылатындығын дәлелдейді.

Комсомолецтер Бакиров және Оразов-

## Жүктелген міндетті ойдағыдай атқаруда

Преснов ауданындағы «Баян» ауылшаруашылық артелінің мүшелері газет, журналдарға белсенділікпен жазылуда. Мұнда баспасөзге жазу ісі хат тасушы коммунист С. Мұстафин жолдасқа жүк-

турады түсінік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, қазірдің өзінде 200-ден астам колхозшылар мен ауыл интеллигенттерінің газет, журналдарға жазылуын қамтамасыз етті.

мысы жөнінде комитет секретарының орынбасары Шаравин жолдас баяндама жасады. Баяндамашы мен жарыссөзде сөйлегендер ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлау ісінде орын алып отырған кемшіліктерге көп назар аударды.

—Мектепте оқушыларды практикалық жұмысқа жан- жақты дайындау үшін қажетті жағдай жасалмай отыр, —деді комсомолец Суханов. Мысалы оқу шаруашылығы егіншілік пен мал шаруашылығының озат тәжрибелерін біздің терең үйренуімізге көмектесе алмай келеді.

Бірқатар комсомолецтер мектепте оқу үлгеруде және тәртіпті нығайтуда басқаларға өнеге көрсете алмай жүр. Мысалы, қазір тапсырылып жатқан емтихандар бойынша Сәрсенбаев, Еголин сияқты БЛКЖО мүшелерінің өздері бір-екі пәннен «екілік» бағалар алған. Сол сияқты, мектеп комсомол комитетінің мүшесі Нұралин, комсомолецтер Рафилев, Ременюк тәртіпшілдық жасады.

—Біз комсомолецтер Дүйсенов, Кенжеманов жолдастардың тәртіпсіздігі туралы комсомол комитетіне бірнеше рет хабарладық, —деді Тобылбаев жолдас, —бірақ оларға әлі күнге дейін ешбір шара қолданған жоқ. Ол-ол ма, ұйымның бұрынғы секретары Мәжікеновтың өзі мектеп тәртібін бұзып, бірнеше рет сабаққа келмей қалды. Сонымен бірге Тобылбаев жолдас болашақ жас кадрларды идеялық-саяси тәрбиелеу ісінің дәрежесі төмен екенін айтты.

—Мысалы,—деді ол,—комсомолка Громова өзінің комсомол билетін жоғалтып алғандығын көп уақытқа дейін жасырып келген. Тек оның бұрын есепте тұрған ҚЛКЖО аудандық комитетінің қалалық комсомол комитетіне жазған хабарынан кейін ғана Громова шынын айтып, кателігін мойнына алды. Бұл біздің кейбір комсомолецтеріміз бен жастарымыздың [illegible] ская мектепте көркемөнершілер үйірмесінің формальді ұйымдастырылғандығына тоқталды. Бұған жалғыз комсомол ұйымы ғана емес, сонымен бірге мектеп дирекциясы да кінәлі. Мектепте бірде- бір музыка аспабы жоқ. Ал, мектеп дирекциясы бюджет бойынша мәдени және спорт жұмыстары үшін бөлінген 4600 сомның әлі бір тыйынын жұмсаған жоқ.

Жыйналысқа қатысқандар жастардың қысқы спорт маусымына әзірліктегі бірқатар кемшіліктердің бетін ашты. Мектеп партбюросының секретары Анищенко және ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Нұрпейісов жолдастар сөз сөйлеп, комсомол ұйымының міндетіне тоқталды.

Есеп беру- сайлау жыйналысы мектеп комсомол ұйымының жұмысын жақсартуға бағытталған қарар қабылдап, комсомол комитетінің жаңа құрамын сайлады.

**Х. РАХМЕТОВ.**

Павлодар облысы, Социалистік Еңбек Ері.

---

## СЕЛОЛЫҚ МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІ

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Хирург С. Аминов басқаратын Гродеков дәрігерлік участогі облыстағы қырық дәрігерлік участоктің ішіндегі ең таңдаулысы болып табылады. Кең үйлерде емхана, стационар, әйелдер босанатын үй, аптека орналастырылған. Дәрігерлер Борисочкина, Жуков және басқалары Жамбыл ауданының Сталин атындағы, «Октябрь», «Жас өркеп» ауылшаруашылық артельдерінің фермаларына, етіс бригадаларына жиі- жиі барып, лекциялар оқып тұрады.

Облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында медицина пункттері мен аптектер бар. Быйыл жайылымдағы малшаруашылық участоктерінде тағы 16 медициналық мекеме құрылды.

телген еді. Ол бұл міндетті ойдағыдай атқарып жүр.

Мұстафин жолдас колхозшылар арасында совет баспасөзінің маңыз-мақсаты

Колхоз кітапханасы да жаңа жылға түрлі газет, журналдар алып отыратын болады.

**С. ҚАЙЫРЖАНОВ.**

* * *

Совет ауданындағы Аманкелді атындағы колхозда баспасөзге жазу ісі ойдағыдай ұйымдастырылған. Қазір мұнда колхозшылар мен ауыл интеллигенттері жаңа жылға баспасөзге жаппай жазылып жатыр. Колхозда облыстық «Ленин туы» газетін жыл сайын жазғызып алдыруны М. Иманбаев сияқты колхозшылар көптеп саналады. Ал Иманбаев жолдас бұл газетті 13 жылдан бері жазғызып алдырып келеді. Ол быйыл да газетке колхозда біріншi болып жазылғандардың бірі болды. Сол сияқты, Қ. Қожин, Ш. Мәлгәждаров жолдастардың әрқайсысы үш түрлі газетке, екі түрлі журналға жазылды.

Колхозды тұтас алғанда қазірдің өзінде 100 дана газет, ондаған дана журнал таратылды.

**Ж. ӘБДІРАХМАНОВ.**

---

## АТА-АНАЛАР КЕШІ

Бұрнағы күні қаладағы Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебінің ата-аналар кеші өткізілді. Кешке оқушылардың ата-аналары мен туысқандарынан көп адам қатысты. Онда оқытушы Ибраев жолдас балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың атқаратын ролі туралы баяндама жасады.

**М. МҰҚЫШЕВ.**

---

*Дәрігердің кеңесі*

# Темекі және оның адам организміне зыяны

Әрбір совет адамы, отандық физиологтердің еңбектерімен, орталық нерв (жүйке) системасының қызметі мен маңызы туралы іліммен, медициналық ғылымның қазіргі замандағы табыстарымен таныса отырып, түрлі аурулардан сақтану және организмнің мезгілінен бұрын тозуына жол бермеу тұрғысынан алғанда, өзінің күнделікті тұрмыс салтының дұрыстығы туралы өзіне өзі сұрақ бермей отыра алмайды.

Бұл сұраққа жауап бергенде, ол кең таралған, бірақ өте зыянды бір дағдылы әдетті —темекі тарту дағдысын еске түсіруге тиіс.

Қазіргі уақытта жер шарында темекінің көптеген алуан түрлі сорттары өсіріледі, оның жапырақтарында аса көп органикалық заттар: никотин, май, органикалық қышқылдар, протеиндік заттар, ағаш талшықтары және басқалар болады. Темекіні тартқанда, оның заттарын құрғақ айыру деп аталатын процесс жасалады.

Әртүрлі өсімдік заттарын жандырғанда, оның түтінінде, әдетте, пиридин немесе оның туындылары болады. Бұл —шылым тартушыларды таңертең жөтелтетін, тамақтың, тілдің, көздің шырышты қабығын тітіркендіретін тез кепкіш майлы заттар. Тіпті никотині жоқ жапырақтарды тартудың өзі де басты айналдырып, жүректі айнытып, құстыратыны зерттеулерден көрініп отыр. Бұл, негізінен, темекі түтінінің басқа бір маңызды бөлегі —көміртегінің қышқылы (CO) жасайтын ықпалдың нәтижесі. Көміртегінің қышқылы —барлық дерлік өсімдік заттарының баяу жануынан туатын осы дауысыз, қосалқы өнім —темекі түтінінде 8 процентке дейін болады. Бұл қышқыл қанға араласып, қанның құрылысына зыянды әсерін тигізеді: бояушы заттың — гемеглобиннің қызметін тежейді, бас ауыратын «қаназдықты», асқазанның бұзылуын және басқа ауруларды тудырады.

Темекі жапырағының да, сондай-ақ, оның түтінінің де негізгі улы заты никотин— таза күйінде тұңғыш рет 1828 жылы айырып алынған тез кепкіш алкалоид болып табылады. Оның мөлшері темекінің әртүрлі сорттарында 553 процентке дейін болады және ол түссіз немесе сәл сарғылттау, мөлдіреген майлы сұйық зат болып табылады, сілтіленетін реакциясы және зәрлі дәмі болады. Бұл сұйық заттың ууы өте күшті келеді. Таза никотиннің 2-4 тамшысының өзі-ақ ересек адамды өлтіре алады деп сыналып жүр.

Жануарлардың нерв системасы неғұрлым жоғары дамыған болса, никотиннің ууыты солғұрлым күшті әсер етеді. Амеба сияқты ең қарапайым бір клеткалы жәндіктер тіпті никотиннің 1 процент ерітіндісінің өзінде еркін жүзіп жүреді, ал итті өлтіру үшін никотиннің 1-2 тамшысы ғана жеткілікті. Бұл уу жылы қанды жануарларға әсер еткенде, әуелі нерв системасын қоздырады да, содан кейін оны әлсіретіп тастайды. Нерв системасына талғап әсер ететін кокаин (наша), морфий сияқты наркотиктерге (есеңгіреткіш заттар) қарағанда, никотин нерв системасының барлық участоктеріне —орталық, сондай-ақ периферялық участоктеріне де зардабын тигізеді. Темекісі онша ащы емес бір папироста 2-3 миллиграмм никотин болады. Демек, бір адам он папирос тартқанда, ол 20-30 миллиграмм никотин жұтады (мынаны еске алайық: 100 миллиграмм никотиннің өзінен-ақ бұл уудың өмірге хауіпті «аймағы» құрала бастайды, ал никотиннің ууыттылығы көгерткіш қышқылдан (синильная кислота) сәл ғана кем болады.

Темекі түтінінің басқа құрамды бөлектерінің маңызы онша емес. Бірақ кейбір темекіде мышьяк болады, соның өзінде ол тамақ өнімдеріне қолданылатын мөлшерден бірнеше есе артық болады.

Темекіден уулану көп жағдайда өте хауіпті болып жүр. Темекіні тұңғыш рет тарта бастаған адамдардың темекіден уулануы әрқашан да жеңіл түрде болады да, темекі тартуға көп дағдыланбаған адамдар жиі уланады. Темекіні ішке қарай бірнеше рет тартқаннан кейін-ақ мынадай белгілер байқала бастайды: бас айналады, салқын тер шығады, лоқсу, алқыну, жүрек соғу құбылыстары байқалады, аяқ- қолдар дірілдеп, әлі кетеді, бас ауыра бастайды. Егер темекі тартуды дереу тоқтатса, мұндай жағымсыз құбылыстар тез тоқталады. Бірақ басқалардан қалысқысы келмейтін әуесқойлық үстемдік алады да, темекіні енді ғана тарта бастаған адам, темекінің өзіне ұнамайтынын сезе тұрса да, өзінің организмін темекі түтінімен етене болуға еріксіз дағдыландырады. Ол темекіні бірте- бірте тартып үйренеді де, содан кейін, тиісті шартты рефлекстің қалыптасуына қарай, темекі тартуға құштарлана бастайды, сөйтіп темекімен құмарын тарқатады.

Темекіден уулану ауыр түрде болғанда, сілекейдің көп ағатыны, адамның құсатыны, іш өтетіні, тамырдың әуелі жиі- жиі, содан кейін баяу соғатыны, дененің құрысатыны, көздің қарашығы кішірейетіні байқалады, ал ақырында, тыныс тарылып қан жүрісі тоқтап қалуы салдарынан адамның тіпті өліп кетуі де мүмкін. Мұндай уулану түрлерінің темекіні «шамадан артық тартқан жағдайда, әсересе ашқарынға, түнімен ұйықтамай, шаршап тұрғаннан кейін, ал кейде— темекі тартумен бірге есендіргіш ішімдікті көп ішкен жағдайда болатыны байқалады.

Темекі адамның организміне қалай әсер етеді?

Никотиннің қарынға және ішекке жасайтын әсері жануарлар арқылы да, адам арқылы да жақсы зерттелді. Оның әсері тамақ ішуге тәбіттің нашарлауынан және ішек- қарынның ауыра бастағанынан байқалады.

Жұртқа мәлім, біз қарынның ашыққанын едәуір дәрежеде қарынның өзіненөзі (автоматтық түрде) жыйырылуы нәтижесінде сеземіз. Никотин, апыйын сияқты, вегетативтік нерв системасының торaптарына әсер етіп, қарынның осы жыйырылуын бөгеп, тежейді. 15 минут өткеннің өзінде- ақ темекі тарту қарынның өздігінен бірқалыпты жыйырылуын тоқтатып тастайды. Тек темекі тартуды тоқтатқаннан кейін 4-5 минут өткенде ғана қарынның жыйырылуы өз қалпына келеді.

Никотин нерв системасына әсерін тигізе отырып, асқазан каналы бездерінің қыймылын күшейтеді. Терісінің астына никотиннің ең әлсіз ерітіндісі енгізілген иттерде қарын шырынының кенет көбейіп кететіні тәжрибеде айқын көрінді. Осыған қарағанда, темекіні көп тартатын адамдарда қарын шырыны үнемі көбейе түседі, мұның өзі қарын қышқылының артуына, ал содан кейін асқазан ауруына және жаралар шығуына әкеліп соқтырады деген қорытынды жасауға әбден болады.

Никотин жүрек- тамыр системасына бәрінен де гөрі елеулі зардабын тигізеді. Темекі тартқанда тамырдың қатты соға бастайтыны жалпы жұртқа мәлім. Міне сондықтан да спортпен шұғылданатын адамдар, әдетте, әсресе жарысқа қатысатын кезде темекі тартудан сақтанады, өйткені ол темекі тартудың жүрек қызметін баяулататынын біледі, ал жүректің мінсіз қызмет етуі никотин жұтумен сыйыспайды.

Темекі тартқан уақытта, тамырдың жиі- жиі соғуымен қатар, қанның кернеуі күшейеді, содан кейін ол кейде тіпті нормадағыдан да төмендеп кетеді. Жүрегі ауыратын адамдарда қан кернеуінің осылай төмендеуі жүректің қызметін мықтап баяулатуы, тіпті хауіпті түрде нашарлатуы ықтыймал. Жүректің біркелкі дұрыс жыйырылу режимі (аритмия) темекі тартатын адамдарда темекі тартпайтындардан гөрі едәуір жиі бұзылады. Кейде темекі тартушылардың жүрегі тұсында өзінің сезілуі жағынан қылтамақ (стенокардия) ауруына ұқсап ауыратындық байқалады. Темекі тартуды тоқтатқаннан кейін, әдетте, бұл сияқты құбылыстар зыянсыз өтеді.

Мұның бәрі —жүрек қызметінің уақытша бұзылған белгілері. Бірақ темекі тарту адамда артериосклероз ауруын, әсресе жүректің үлкен вена тамырларының склероз ауруын тура тудырмаса да, дегенмен бұл аурулардың дамуына күшті әсерін тигізеді, ал мұның нағыз стенокардия ауруына әкеліп соқтыруы мүмкін деп ойлауға көп дәлелдер бар. Мұны жануарларға жасалған бірқатар зерттеу тәжрибелері дәлелдеп берді, ал ауру адамдарды байқап көргенде, вена артериясының склерозымен ауырған екі мың адамнан 840 адамның склерозбен ауырған маңызды себебі темекіні шамадан тыс көп тартудан болғаны анықталды.

Кең таралған пікірге қарамастан, темекі тартудың тыныс- системасына (аппаратына) тигізетін әсері онша елеулі емес. Мұнда никотин уының зардабы күшті екені байқалмайды. Алайда, темекі тарту тыныс жүйесін бұзып, тіпті бронхи демікпесін тудыруға дейін әкеліп соқтырады: бронхилердің ішкі қабатының түгі болып табылатын эпителияның нәзік түктеріне темекі түтіні зыянды әсерін тигізеді. Темекі тарту салдарынан өкпенің нәзік ткані талаурап, оның қызмет атқару режимі бұзылады. Сондықтан өкпесі ауыратындарға, әсресе туберкулезбен ауыратындарға дәрігердің қоятын негізгі талаптарының бірі темекі тартуды тезінен тоқтату талабы болып табылады.

Мұнымен бірге көру нервісінің талаурауы салдарынан көздің көруі едәуір нашарлайтын темекі амблиопиясы сияқты және басқа көптеген осы темекі тартумен байланысты аурулар туралы да қысқаша айта кету керек. Темекіні шамадан тыс көп тартудың еріндер мен тілде рак ауруының пайда болуына себепкер екенін көз жеткізе дәлелдейтін деректер бар. Міне осының бәрі темекі тартудың адамға мүлде зыянды әдет екенін көрсетеді.

Бұл кеселге қарсы күресу жолдары қандай?

Мұның негізгі жолы —адамның организміне темекінің тигізетін зардабы жайындағы деректердің бәрін ең қалың бұқараның санасына жеткізу. Темекі тартудың зыяндылығын түсінген әрбір адам терең ойлануға, сөйтіп, «мен мұны неліктен істеп отырмын? Өзімді- өзім қолға алып, бұл зыянды әдеттен тыйылатын уақыт жеткен жоқ па екен?» деп өзіне сұрақ беруге тиіс. Ол темекі тартуды қойғаннан кейін өзінің ден саулығын жақсартып қана қоймай, сонымен бірге көңілін жадыратып, өзінің қайтпас қайратына сенімін нығайтатынын, ал мұның өзі әсресе нервісі ауыратын ашушаң дейтін адамдар үшін өте маңызды екенін есте ұстауға тиіс.

Темекі тартудан тыйылу үшін кейде мамандығы психоневролог дәрігерге көрініп, соның көметін сұрауға, әбден сендіретін кеңесін тыңдап ұйықтататын, тыныштандыратын дәрілермен пайдалануға тура келеді. Бірақ өзіңнің бар қайратыңды, бар ынтаңды салып, бұл зыянды әдеттен тыйылу—мұның ең жақсы, ең сенімді жолы міне осы. Темекі тартуға қарсы күресу жөніндегі профилактикалық жұмыстың үлкен маңызы бар. Темекі тартудың зыяндылығы туралы жасөспірімдер мен жастарға мейлінше көз жеткізе үнемі айтып отыру керек, өйткені темекі тарту салты әуелі үлкендерге еліктеушілік, көрінгенге әсіре құмарлық, теңімнен кем қалмаймын дейтін жалған даңқойлық салдарынан басталады да, содан кейінгі жерде ол адам организмінің төзімді және икемді болуы себепті бойға берік қонған әдетке айналады.

**А. РАПОПОРТ,**
**Медициналық ғылымның кандидаты.**

КИНО

# „Дұшпанның ізімен“

Баянды бейбітшілік пен халықтық демократия жолында қажырлы күрес жүргізіп жатқан социализм лагерінің табыстары неғұрлым зор болса, оның жауларының оған деген өшпенділігі де солғұрлым арта түспек. Өйткені, бейбітшілік сүйгіш лагерьдің әрбір табысы оның жауларының өлім сағатын тездете түседі. Сондыктан да олар зұлымдық пен азғындықтың қандай жиіркеніштi түрін болса да пайдаланып, прогресшіл күштердің алға басқан, айбынды дамуын тоқтатуға, бөгеуге тырысады. Ал жұмыстың қай участогінде қырағылық бәсеңдеген болса, сол участокте өшпенді жаудың өлексе әрекеті күшейе түседі. Чехословакияның мемлекеттік киностудиясы жасап шығарған «Дұшпанның ізімен» атты көркемсуретті жаңа кинофильм, міне, осы мәселеге арналған. Фильмнің сценарийін жазушылар И. Брдечка және М. Маковец чехославак жазушысы Милош Велинскийдің «Солтүстік порт» повесі негізінде идеялық мазмұны құнды, көркемдік дәрежесі жоғары фильм жасаған. Фильмнің режиссері Милош Маковец, түсірген оператор Р. Милич, орыс тіліне Москвадағы Максим Горький атындағы киностудияда аударылған.

«Дұшпанның ізімен» кинофильмі негізінен чехословак халқының өз елдерінде социализм орнату жолындағы бейбіт, әрі жасампаз еңбектегі тамаша табыстарына халықтың іші күйген зұлым жаулары— шпиондар мен диверсанттардың азғындықтары мен арамдықтарын әшкерелеуге арналған.

Чехословакияның Лабе өзені бойындағы ірі портынан қымбат бағалы жүк тиеп, заказ берген шетел фирмаларына аттанған кемелер порттан шығысымен-ақ, көп кешікпей фирмалар бұл берілген заказдарды не өзгертеді немесе қабылдамайтын болады. Бұл жағдай порт жұмысына көптеген қиыншылық туғызады және жалпы шаруашылыққа орасан зор зиян келтіреді. Шындығында, порттан жөнелтілген товарларды тек шамалы адамдар ғана біледі, бірақ осыған қарамастан шетел агенттері бүгін кемеге қандай товарлар тиелгенін біліп отырады. Ал порттың транзит бөлімінің бұрынғы бастығы Душек бұл жағдайдың қалайша болып отырғандығын шеше алмайды. Бірақ, оның орнына келген жаңа бастық—Бартош та алғашқы бетте бұл зиянкестікті түбірімен жойып кете алмайды. Ол документтерді сақтау әдісін қаншалықты өзгертсе де, нәтиже бұрынғы қалыпта қала береді. Оның документтерді сейфте сақтау әдісі де кейбір порт қызметкерлерінің наразылығын туғызады. Ал бөлімнің бұрынғы бастығы Душек Бартошты өзінің бәсекелесі деп есептеп, оған сенімсіздік көзқараста болады.

Бартоштың және порт жұмысшылары мен қызметшілерінің қырағылығы нәтижесінде жау әшкереленеді —ол порт қызметкері Шубрт болып шығады. Өзінің осындай. Бірақ осы оқиғалар арқылы берілетін идеялық мазмұн оның құндылығын өсіре түседі. Композициялық сюжеттің дамуымен қатар оның қамтитын оқиға көлемі де кеңиді, ал бұл ретте келіспейтін екі топтың кескілескен күресі де айқындала береді.

Фильм кейіпкерлерін негізінен бір-біріне жау екі топқа бөлуге болады. Транзит бөлімінің жаңа бастығы Бартош бастаған жағымды кейіпкерлер фильмде чехославак халқының адал өкілдері, шын берілген ұлдары мен қыздары ретінде көрсетілген. Бартош порт жұмысына шын беріле кіріседі. Ондағы кездескен сәтсіздіктерді өзінің жеке мүддесіндегі сәтсіздіктер ретінде қабылдайды. Бұл жағдай да Бартоштың жеке бастың мүддесін халық мүддесімен ұштастырған өз Отанының патриоты екендігі айқын аңғарылады. Шындығында Бартоштың бейнесі арқылы фильмде жаңа қалыптаса бастаған коммунистік моральдың ең асыл қасиеттерін бойына сіңірген жаңа адамның бейнесіне берілген. Сондықтан да көрушілер үнемі Бартоштың істе табысқа жетуіне тілектес болып отырады. Образдың бұлайша құнды шығуы ең алдымен бұл рольде ойнаушы Г. Хеберленің зор творчестволық табысы деуіміз керек.

Артист Корбелараждың орындауындағы Душек әлі де болса кейбір ескі әдеттерден арыла алмаған адам. Ол да Бартош сияқты өзінің күш-жігерін халық игілігіне жұмсағысы келеді. Бірақ өзінің саяси артта қалушылығы салдарынан портта шпиондардың орын алуына мүмкіншілік береді. Ал орнына келген Бартоштың қырағылығы оны бұл ойдан қайтарады.

Чехославак артисі О. Крейча совет жұртшылығына «Екі от», «Жаңа жауынгерлер қатарға қосылады» кинофильмдері бойынша белгілі болатын. Бұл фильмдерде ол жағымды кейіпкерлердің образдарын жасаған еді. Ал «Дұшпанның ізімен» кинофильмінде ол зұлым шпион Шубрттың ролін орындау арқылы өзінің көрнекті сахна шебері екенін тағы да бір таныттты. Бұл артистің ойынындағы ерекше бір көзге түсетін жағдай—оның экранда көрушілерге өзін сол ролін орындап жүрген бар адамның шын өзіндей етіп көрсете алуы. Крейчаның орындауындағы Шубрт айлалықпен жауапты орынға өтіп алған хауіпті жау. Ол кей кезде тіпті аңқау, ақ көңіл адамның кейпінде көрінеді. Көрушілер алғашқы бетте оның жасырынған жау екендігін аңғара да алмайды.

Порттағы барлық шпиондардың басшысы Папоушектың ролін артист Р. Дейл орындайды. Фильмдегі Папоушек халықтың нағыз зұлым жауы дәрежесінде көрсетілген. Оның жүріс-тұрысынан, көз қарасы мен қимылынан чехословак халқының зор табысына іштей күйініп, оған қарсы зұлымдықтың қандай жиіркенішті түрін болса да қолданудан тартынбайтындығы айқын көрінеді. Ал оның сыбайласы суретші Барка (М. Копецкий) барып тұрған қорқақ. Өзігін әшкереле-

## Үлкен Берлиннің халық өкілдігінің мәжлісі

БЕРЛИН, 23 ноябрь. (СОТА). Кеше Берлинде Үлкен Берлиннің халық өкілдігінің мәжлісі болып, онда Үлкен Берлиннің обер-бургомистрінің орынбасары Шмидт магистраттың атынан мәлімдеме жасады.

Қазіргі уақытта магистраттың алдында тұрған негізгі міндет, деді Шмидт демократиялық Германияның ұлттық майданы ұлттық советінің сайлау алдындағы мәлімдемесінде жарияланған және Германияны демократиялық негізде қайта қосуға, неміс халқының және Германиямен көршілес елдер халықтарының арасында бейбітшілік пен достықты нығайтуға бағытталған қағидаларды жүзеге асыру болып табылады.

Батысберлиндік сенаттың жаңа соғыс әзірлеуге бағытталған саясатының ұлтқа қарсы сипатын көрсете келіп, Шмидт мұндай саясаттың Германияны бейбітшілікпен қайта қосуға кедергі келтіретінін және жаңа соғыс қатерін арттыра түсетінін атап көрсетті.

Шмидт бұдан кейін Үлкен Берлин магистратының Батыс Берлиннің қалалық депутаттары жиналысының председателі Зуруге жолдаған және Батыс Берлинде қоспарланып жатқан атом соғысына әзірленуге қарсы наразылық білдірген хатын еске салды. Біз, деді ол, Батыс Берлинді қалалық депутаттар жиналысын Үлкен Берлиннің магистратымен бірлесе отырып, атом қаруына және жаппай қырып жоятын басқа құралдарға тыйым салуды батыл жақтап шығуға шақырған едік. Бірақ бұл үндеу еленбей отыр.

Шмидт бұдан кейін Париж келісімдерінің агрессиялық сипатына назар аударып, бұл келісімдерді бекітудің Германияның және оның астанасы — Берлиннің бірлігін қалпына келтіруге басты кедергі болатынын атап көрсетті. Берлиннің бейбітшіл халқының атынан, деді ол, біз Париж келісімдерін ешуақытта да танымаймыз. Батыс және Шығыс Берлиннің қалалық өкмет орындарының Париж соғыс келісімдеріне қарсы, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруды жақтап бірлескен мәлімдеме жасауы Берлиндіктердің мүдделеріне толық сай келген болар еді.

Халық өкілдігінің депутаттары Үлкен Берлиннің магистратының мәлімдемесін бірауыздан мақұлдады.

### ҚХР ҚОҒАМДЫҚ ХАУІПСІЗДІК МИНИСТРЛІГІНІҢ ХАБАРЫ

ПЕКИН, 25 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Қытай Халық Республикасы Қоғамдық хауіпсіздік министрлігінің хабарын берген, онда былай делінген: 1951 жылдан бері Қоғамдық хауіпсіздік органдары американ орталық барлаушылар бас-кармасы мен чанкайшилік топтың самолеттер арқылы түсірген 124 агентін тұтқынға алып, 106 агентін өлтірген.

Самолеттен түсірілген бұл агенттердің ішінде американдық шпиондар кіші— Джон Нокс Арнольд пен Джон Томас Даувни бар. Бұларды Жоғарғы халық сотының соғыс трибуналы соттаған.

## Монгол Халық-революциялық партиясының XII съезінің қорытынды мәжлісі

УЛАН- БАТОР, 25 ноябрь. (СОТА). Монгол Халық- революциялық партиясының (МХРП) XII съезі бүгін өзінің жұмысын аяқтады.

Қорытынды мәжілісте МХРП-ның Орталық Комитетін және Орталық тексеру комиссиясын сайлаудың нәтижелері жарияланды.

Бұдан кейін делегаттар орасан зор жігермен Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне құттықтау хат қабылдады. Хатта былай делінген:

«Москва, Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне.

Қымбатты жолдастар! Монгол Халық-революциялық партиясының XII съезі партияның барлық мүшелері атынан Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне коммунистік жалынды сәлем жолдайды. Монгол халқы өзінің Монгол Халық- революциялық партиясының басшылығымен, ұлы Совет Одағының туысқандық көметі арқасында есеп берілген кезеңде социализмнің негізін қалау жолында алға қарай жаңадан қадам басты. Бірінші бесжылдықтың және онан кейінгі жылдардың халықшаруашылық жоспарларын орындау жолындағы күресте елдің өндіргіш күштерін онан әрі өркендетіп, экономика мен мәдениетті жаңадан өрге бастыруға қол жетті. Елдің экономикасының негізгі саласы — мал шаруашылығы үздіксіз өркендеп келеді, араттар шаруашылықтарының табысы мен жұмысшылардың және қызметшілердің нақтылы жалақысы артуда. Бүкіл халық шаруашылығында социалистік сектор онан әрі өсіп, нығаюда, отандық өнеркәсіп, транспорт және сауда өркендеуде. Халық ағартуды және денсаулық сақтауды өркендетуде жаңа табыстарға қол жетті, еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесі артып келеді. МХРП-ның XII съезі монгол халқының өзінің туысқан партиясының басшылығымен экономика мен мәдениетті өркендетуде қол жеткен табыстарының қорытындысын шығарды; Отанымыздың социализмге қарай алға басуында жаңа қуанышты перспективалар ашатын халық шаруашылығы мен мәдениетті өркендетудің екінші бесжылдық жоспарын қабылдады. Монгол халқының саяси, экономикалық және мәдени құрылыстағы барлық табыстары —ұлы Совет Одағының және Совет Одағы Коммунистік партиясының қалтқысыз көмегінің нәтижесі.

XII съезд Монгол Халық- революциялық партиясының және бүкіл монгол халқының атынан экономика мен мәдениетті өркендетуде, еркін және бақытты тұрмыс орнатуда біздің халқымызға ұдайы көрсетіліп отырған қалтқысыз көмек үшін даңқты Совет Одағының Коммунистік партиясына және ол арқылы туысқан совет халқына жалынды құттықтап, шын жүректен алғыс айтады. XII съездің жұмысы біздің партиямыздың бірлігінің, оның өзінің Орталық Комитетінің төңірегіне топтасқандығының айқын демонстрациясы болды. Марксизм-ленинизмнің жеңімпаз ілімін басшылыққа ала отырып, біз жаңа, бұрынғыдан да даңқты жеңістерге жетеміз.

Біздің партияның съезінің жұмысына ұлы Совет Одағы Коммунистік партиясының, Қытай Коммунистік партиясының, халықтық- Демократия елдерінің Коммунистік және жұмысшы партиялары делегацияларының қатысуы партиямыздың барлық мүшелері мен еліміздің еңбекшілерін сәулетті әрі қуанышты тұрмыс орнатуда жаңа табыстарға жету үшін онан әрі күресе беруге рухтандырады. Съездің жұмысына туысқан Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің бұл қатысуы бүкіл бейбітшілік, демократия және социализм лагері халықтарының өзара достығы мен ынтымағының, коммунистік және жұмысшы партиялардың туысқандық байланыстарының нығайғандығының, олардың топтасқандығының айқын белгілерінің бірі болды.

Сіздерді, қымбатты жолдастар, Монгол Халық- революциялық партиясы жұмысшы табының еңбекші араттармен барған сайын нығайып келе жатқан одағына сүйеніп және Совет Одағының Коммунистік партиясынан үнемі үйрене отырып, өз қатарларының бірлігін берік нығайтады және өзінің төңірегіне халық бұқарасының қалың топтарын топтастырып, өзінің халқын социализмге жеткізе алады деп сендіреді. Өз елінің еңбекшілерін пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеп отырған Монгол Халық- революциялық партиясы бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті сақтау және нығайту жолындағы, ұлы Совет Одағы бастаған демократия мен социализмнің қуатты лагерін нығайту жолындағы күреске өзінің барлық күш- жігерін бұдан былай да аямай жұмсауға берік бел байлап отыр. Совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінде оның басқарушы және бағыт сілтеуші күші ұлы Совет Одағы Коммунистік партиясының даңқы арта берсін! Монгол және совет халықтарының мызғымас достығы жасасын! Маркстің-Энгельстің- Лениннің -Сталиннің жеңілмес ілімі жасасын!

Монгол Халық Революциялық партиясының XII съезі.

Улан- Батор қаласы, 25 ноябрь. 1954 жыл».

Құттықтау хаттың тексті оқылғаннан кейін делегаттар орындарынан тұрып, Совет Одағы Коммунистік партиясының құрметіне ду овация жасады.

Мәжілістің соңында Цеденбал жолдас қысқаша сөз сөйлеп, съездің нәтижелерін қорытты және съездің жұмысына қатысқандары үшін СОКП, ҚКП, сол сияқты халықтық демократия елдерінің коммунистік және Жұмысшы партияларының делегацияларына алғыс айтып, Монгол Халық- революциялық партиясының XII съезі жабылды деп жариялады. Делегаттар мен қонақтар түрегеліп тұрып партиялық Гимн «Интернационалды» айтты.

### МОНГОЛ ХАЛЫҚ- РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

УЛАН-БАТОР, 25 ноябрь. (СОТА). Монгол Халық- революциялық партиясының

Пленум секретариатты мына құрамда сайлады: Д. Дамба, П. Дугурсурун, Н.

### СОВЕТ ОДАҒЫМЕН ДЕРЕУ КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ҮШІН

ПАРИЖ, 21 ноябрь (СОТА). Совет үкметінің коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселені талқылау үшін барлық европалық елдер өкілдерінің кеңесін шақыру жөніндегі ұсынысына Франция жұртшылығы зор назар аударып отыр. «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, депутат Филипп Баррес (бұрынғы деголльшіл). Батыс Германияны қаруландыруға қарсы шығып, Совет Одағымен келіссөздер жүргізуді жақтаған. «Мен және менің достарым,—деп мәлімдеді Баррес,—Лондон және Париж келісімдерін бекіту туралы айтысты өткізбестен бұрын, ең алдымен, төрт державаның арасында келіссөздер жүргізуге кірісу керек деп есептейміз».

Депутат Груссо да («әлеуметтік және республикалық қимылдың» тәуелсіз тобы) осындай мәлімдеме жасады Мұнымен бірге, мыналар да Батыс Германияны милитарландыру туралы келісімді бекітуге қарсы шығып, Совет Одағымен келіссөздер жүргізуді талап етті: Эн департаментіндегі социалистік партияның федерациясы, Мар корньан (Од департаменті) елді пунктінің муниципалдық советі, Буш-дю-Рон департаменті префектурасының үлкен бір топ қызметшілері, Дордонь департаментінің 600-ден аса мэрлері мен 7 бас кеңесшілері.

### БАВАРИЯ ЛАНДТАГЫ СААР ЖӨНІНДЕГІ ПАРИЖ КЕЛІСІМІН ҚАБЫЛДАМАЙ ТАСТАҒАН

БЕРЛИН, 24 ноябрь. (СОТА). АДН агенттігі хабар еткеніндей, Бавария ландтагы (парламенті) Аденауэрдің христиан-демократиялық одақ (ХДС) партиясынан басқа барлық партиялардың дауыс беруімен, Париж келісімінің негізгі бөлігі болып табылатын Саар жөніндегі герман-француз келісімін қабылдамай тастаған.

Саар жөніндегі келісімге қарсы осы сияқты қарарлар Батыс Германия жерлеріндегі Гюссен, Төменгі Саксония, Бремен және Рейланд-Пфальц ландтагтерінде де қабылдануына байланысты Бавария ландтагының қарары ерекше маңызға ие болады.

Соның нәтижесінде, деп атап көрсетеді агенттік, Саар жөніндегі Париж келісімін қабылдамай тастаған ландтагтар қазір бундесраттегі 38 депутаттың 21 өкілі болып отыр. Сонымен бундесраттың көпшілігінің Саар жөніндегі Париж келісіміне қарсы екендігі қазірдің өзінде анықталды. Бундесратта Саар жөніндегі мәселені талқылау декабрьдің бас кезінде болуы мүмкін.

### БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ СОТ ТЕРРОРЫНА ҚАРСЫ

БЕРЛИН, 24 ноябрь. (СОТА). Кеше Карлсруэдегі батысгерманиялық «федеральді конституциялық сотта» Германия Коммунистік партиясына сот процесі басталды, бұл процесті Бонн өкметі үш жыл бойына әзірлеген болатын.

Бүкіл Германияда бұл сияқты арандатушылыққа қарсы наразылық қозғалысы кең өріс алды.

22 ноябрьде Гамбургте наразылық демонстрациясы болып, оған 10 мың адам қатысты. Бұдан кейін болған митингте демонстрацияға қатысушылар қарар қа

лып жатқан Шубртты Бартош ұстайды.

Фильмде шпиондардың екінші бір тобының әрекеті де көрсетілген. Ол топты зұлым жау—Папоушек басқарады. Олардың алдына қойған мақсаты — портты жару. Бұл екі топтың бір-бірімен байланысы да тығыз. Өйткені, олардың әрекеті бір мақсатқа —чехословак халқына қарсы күреске бағытталған. Бірақ чехословак халқының қырағылығы арқасында олардың да арам ойы іске аспайды—жаулар ұсталып әшкереленеді. Ал Папоушекті мемлекеттік хауіпсіздік органының лейтенанты зиянсыздандырады. Бартош өзінің орынбасары Душектің және коллективтің көмегімен порт жұмысын жандандыра алады.

Фильм оқиғасының қысқаша мазмұны

пін артист жүріс-тұрыстағы дірілдеушілік, үрейленушілік арқылы бере білген.

Фильмде лирикалық көріністер де бар. Әсресе, Бартош пен Думектің қызы Еленаның (артистка А. Вранова) арасындағы нәзік қатынастар фильмге лирикалық мазмұн береді. Ал солтүстік порт пен Праганың көрінісі, тамаша табиғат көріністері өте көркем.

Қорыта айтқанда, «Дұшпанның ізімен» кинофильмі жұртшылықты қырағылыққа үндейтін идеялық маңызы құнды фильм. Сонымен бірге бұл фильм халық өкімет билігін өз қолына алған елде сатылғыштар мен опасыздардың зұлымдық әрекеттері қайтсе де әшкереленетіндігін айқын көрсетеді.

**Т. КӘКІМОВ.**

## Озат колхозшыларға сыйлық

Конюхов ауданының «Колос» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мал қыстату маусымын жақсы әзірлікпен қарсы алды. Колхозда мал азықтары жеткілікті түрде дайындалған, олардың көпшілігі мал қораларының жанына тасып алынған. Колхозшылар өткен жазда 300 бастық шошқа қорасын, 100 бастық жылқы қорасын және мал азығы кухнясын салды. Сол сияқты, ескі қоралар да жөндеуден өткізіліп, толық әзірленді.

Колхоз басқармасы қысқы маусымда малдарды күтуді таңдаулы колхозшыларға тапсырды. Мәселен, биылғы жылы алынған бұзауларды күту тәжрибесі мол және өз ісін сүйіп істейтін бұзау күтушілер А. Пыжова және Е. Арчакова жолдастарға тапсырылған. Пыжова жолдас өткен жылы өз қарамағындағы 30 бұзауды аман сақтап өсірген болатын. Оған қосымша ақы ретінде бір бұзау алды. Мал күтудің дұрыс ұйымдастырылуында мал азығын даярлау үлкен роль атқарады. Мұнда бұл жұмыс комсомолец Костенко жолдасқа тапсырылған. Ол өз міндетін абыроймен орындап, колхоз малдарын қажетті азықпен толық қамтамасыз етіп жүр.

**И. БОРИСОВ.**

## ЗОР БЕЛСЕНДІЛІКПЕН

Совет ауданының еңбекшілері 1955 жылдың газет-журналдарына жазылуды асқан ұйымшылдықпен өткізуде. Аудан бойынша газет-журналдарға жазылу жоспары ноябрьдің екінші жартысына дейін асыра орындалды. Баспасөзге жазылу науқанын әсресе Рублевка почта бөлімшесі (бастығы Н. Косенко) және Совет МТС-нің почта бөлімшесі (бастығы Триль жолдас) ұйымшылдықпен жүргізді. Бұл почта бөлімшелері қамтитын елді пункттердің барлық тұрғындары газет-журналдарға жазылған. Еңбекшілер арасында баспасөз тарату жұмысына қат тасушылар, баспасөз таратудың қоғамдық өкілдері көп көмек көрсетті.

**С. ҚАЮМОВ.**

## Астық тасуды жылдамдатуда

Петропавл темір жол бөлімшесінің коллективі үстіміздегі жылдың астығын тасуды қызу қарқынмен жүргізуде. Қазір олар астық тасуды жаңа жылға дейін аяқтау үшін социалистік жарысқа ұштаса отырып, жаңа еңбек табыстарына ие болды. Бөлімшенің 8 станциясы 20 ноябрьге дейін астық тасудың жылдық жоспарын артығымен орындап шықты. Ал Мамлют станциясы ноябрь айының жоспарын 250 процент, Петропавл станциясы 230 процент етіп орындады. Темір жолшылар еліміздің байлығы —астық тасуды бұдан да қарқынды түрде жүргізе бермек.

**А. ГРОМОВ.**

## Клуб үйінің құрылысы туралы

Преснов ауданының Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің басшылары колхозшылардың мәдени тілектерін өтеуге жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Мұнда клуб үйінің салына бастағанына екі жылдан асты. Бірақ оның құрылыс жұмыстарының әлі күнге аяқталатын түрі көрінбейді. Колхоз басшылары клуб үйінің құрылысын жеделдетулері керек.

**Қ. МӘКЕНОВ.**

### ИТАЛИЯ ПАРЛАМЕНТІНДЕ

РИМ, 25 ноябрь. (СОТА). Кеше Италияның депутаттар палатасында сыртқы істер жөніндегі комиссияда Батыс Германияны қаруландыру туралы Париж келісімін талқылау басталды. Комиссияның мүшесі —Италия Коммунистік партиясының бас секретары Пальмиро Тольятти халықаралық жағдай жөнінде үкметтің көз қарасын баяндау үшін сыртқы істер министрінің мәжліске қатысуын талап етті. Комиссияның председателі Боттиоль комиссияның келесі мәжлісіне Мартиноны шақыратын болып міндеттенді.

Баяндама жасаушы — Христиандық демократ Гомелла «батысевропалық одақ» құру туралы келісімді қорғады.

Социалшыл Бассо бұл блоктың құрылуы мен Батыс Германияны қаруландыру жоспарларына қарсы сөз сөйледі. Ол былай деді: «батыс-европалық одақтың» мақсаты «европалық қорғаныс бірлестігі» сияқты, Батыс Германияны қаруландыру және Батыс Европа елдерінің қарулы күштеріне американдық үстемдікті күшейту мақсатын көздейді.

### УРУГВАЙДАҒЫ САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА

МОНТЕВИДЕО, 25 ноябрь. (СОТА). 23 ноябрьде Монтевидеода 28 ноябрьге белгіленген конгресс сайлауына әзірлік ретінде Уругвай Коммунистік партиясы ұйымдастырған еңбекшілердің демонстрациясы болды. Бейбітшілік үшін, АҚШ пен соғыс келісіміне қарсы, бағаның қымбаттауына қарсы, Совет Одағымен сауданы өрістету үшін күрес ұранымен өткен бұл демонстрацияға ондаған мың адам қатынасты.

Демонстрациядан кейін қала алаңдарының бірінде митинг болып, онда Уругвай Коммунистік партиясының бас секретары, сенаторлыққа кандидат Эухенио Гомес сөз сөйледі. Ол Уругвай сайлаушыларын таяуда болатын сайлауда Коммунистік партияның кандидаттарына дауыс беруге, Уругвайды бейбітшілік, азаттық, тәуелсіздік жолына түсіруге және бұқара халықтың әл- ауқатын жақсарту мақсатымен ұлттық азаттық үшін күрес программасы маңайына берік топтасуға шақырды.

### АНГЛИЯНЫҢ ЛОРДТАР ПАЛАТАСЫ ЛОНДОН МЕН ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІН МАҚҰЛДАДЫ

ПАРИЖ, 25 ноябрь. (СОТА). Франс-Пресстің Лондондағы тілшісінің хабарлауына қарағанда, кеше Англияның лордтар палатасы дауысқа салмастан-ақ Лондон мен Париж келісімдерін мақұлдаған.

Өткен аптада 625 адамнан тұратын қауымдар палатасы бұл келісімдерді төрт дауысқа 264 дауыспен мақұлдаған болатын.

митетінің пленумы болды. Пленум МХРП Орталық Комитетінің Саяси Бюросын мына құрамда сайлады: Д. Дамба, Б. Дамдин, Ц. Дугурсурун, Н. Лхамсурун, Ж. Самбу, Ю. Цеденбал, Б. Ширендыб жолдастар. Орталық Комитет Саяси Бюросының мүшелігіне кандидаттыққа Д. Бальжиням, Б. Жамбалдоржи жолдастар сайланды.

Орталық Комитеттің пленумы МХРП Орталық Комитетінің жанындағы партиялық бақылау Комитетінің председательдігіне Дугуржабты бекітті.

Монгол Халық- революциялық партиясы Орталық тексеру комиссиясының мәжлісі болды. Комиссияның председательдігіне Ц. Бямба жолдас сайланды.

### МОНГОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ

УЛАН- БАТОР, 25 ноябрь. (СОТА). 26 ноябрь— Монгол Халық Республикасының 30 жылдығы. Республика астанасы —Улан- Батор мейрамдағыдай безендірілген. Қаланың ортасындағы мемлекеттік музыкалы- драма театрының алдыңғы қабырғасының жоғарғы жағына Лениннің, Сталиннің, Сухэ- Батордың және Чойбалсанның үлкен портреттері қойылған.

Кешке театр үйінде салтанатты мәжліс болды. Президиумда —партия мен үкметтің басшылары, Монгол Халық Революциялық партиясының XII съезіне келген туысқан Коммунистік және Жұмысшы партиялары делегацияларының басшылары, сол сияқты ССРО-ның, ҚХР-дің және ҚХДР-дің елшілері.

Ұлы халық Хуралы президиумының председателінің орынбасары Цедыб жолдас Монгол Халық Республикасының құрылғанына 30 жыл толуы туралы баяндама жасады.

Баяндамадан кейін мейрамдық үлкен концерт берілді.

«біз ГКП-ны қорғауға дайынбыз. Біз ГКП үшін күресеміз және бұл күресті біздің халқымызға бейбітшілік, бірлік пен демократия қамтамасыз етілгенге дейін соза береміз».

Батыс Берлиндегі Крейцберг ауданындағы (американдық сектор) жиналысқа қатысқан 350 адам масқаралық сот процесін тезарада тоқтатуды талап етті.

Карлсруэдегі антикоммунистік арандатушылыққа қарсы Лаухаммердегі кокс-химия жасайтын заводтың жұмысшылары, Дрездендегі «трансформаторен- унд Рентгенверк» заводының жұмысшылары мен қызметшілері, Лейпциг округінің кооперативтік съезіне қатысқандар, Шпандаудегі (Берлиннің ағылшындық секторы) герман-совет достығы қоғамының жиналысына қатысушылар, батыс берлиндік адамдарды біріктіру ұйымының басқармасы, нацизм тұсында қуғын көргендер, наразылық білдіруде.

Редактордың орынбасары
**Ғ. НҰРМОЛДИН.**




## Кинолдарда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ДҰШПАННЫҢ ІЗІМЕН»**

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-40, 8-20, 10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ОЛАР БЕСЕУ ЕДІ»**

Сеанстар кешкі сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Петропавлдың жүк тиеу мекемесіне Петропавл станциясындағы жүк тиеу пунктінде жұмыс істеу үшін жүк тиеуші жұмысшылар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл станциясында — жүк тиеу мекемесіне, Мамлют станциясында—жүк тиеу пунктіне келіп түсінік алуға болады.

Петропавл қалалық өндіріс комбинатына түпкілікті жұмысқа етік цехына және ішкі-сыртқы киім тігу цехына мастер керек.

Адрес: Урицкий көшесі, 17-үй

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретарнат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02903 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21- үй.